19 ҚАРАША,
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№128 (23 742)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

Жастар жігерін жанған жүздесу
2-бет



Заң қорғайды, тәртіп талап етеді
5-бет



Таиландтағы тамаша жеңіс
8-бет



Тыныштықтың темірқазығы



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қарағанды облысында учаскелік полиция инспекторларының республикалық кәсіби шеберлік байқауы қорытындыланды. Еліміз бойынша жеті мыңнан астам тәртіп сақшысы қатысқан іріктеу кезеңдерінен үздік шыққан 20 инспектор ақтық сында бақ сынап, бас жүлдені Ақмола облысының өкілі Бауыржан Сарыбаев жеңіп алды. Сондай-ақ, байқау аясында Қарағанды облысының қала және ауылдағы үздік учаскелік инспекторлары анықталып, әрқайсысына екі миллион теңгеден ақшалай сертификат табысталды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республикалық байқау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің тапсырмасымен Қарағанды облысы полиция департаментінің ұйымдастыруымен және облыс әкімдігінің қолдауымен өтті. Ақтық сынға еліміздің әр өңірінде кәсіби біліктілігімен, қызметтік даярлығымен және тәжірибесімен ерекшеленген учаскелік инспекторлар жолдама алды.

Байқау барысында қатысушылардың кәсіби дайындығы, қызметтік міндеттерін меңгеруі мен тәжірибелік дағдылары жан-жақты сараланды. Әсіресе, құқық бұзушылықтардың алдын алу, тұрғындармен тиімді байланыс орнату және күрделі жағдайларда жедел әрі сауатты шешім қабылдау қабілетіне баса назар аударылды. Сайыс үздіктерді анықтап қана қоймай, еліміздің әр өңірінен келген тәртіп сақшыларының өзара тәжірибе алмасуына, қызмет барысында қолданылатын тиімді тәсілдерді ортаға салуына мүмкіндік берді.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы, полиция генерал-майоры Мұрат Қабденов, облыстың полиция департаментінің бастығы Нығмет Исмағұлов және облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев қатысты.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген өңір басшысы учаскелік полиция инспекторларының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі айрықша рөліне тоқталды. Оның айтуынша, тұрғындармен күнделікті тікелей жұмыс істейтін тәртіп сақшылары өздеріне бекітілген аумақтағы жағдайды, халықтың мұң-мұқтажы мен өзекті мәселелерін өзгелерден жақсы біледі. Сондықтан, белгілі бір көше, кент немесе ауылдағы тыныштық пен қауіпсіздік көп жағдайда учаскелік инспектордың жауапкершілігіне, принципшілдігіне және тұрғындармен тіл табыса білуіне байланысты.

– Мемлекет басшысы «Заң мен тәртіп» қағидатын қоғамымызды дамытудың маңызды бағдарларының бірі ретінде айқындады. Алайда заң мен тәртіп – тек құқық қорғау органдарының жұмысына ғана қатысты ұғым емес. Бұл, ең алдымен, әр азаматтың өз құқығы қорғалатынына, әділдіктің сөз жүзінде ғана қалмайтынына және мемлекет қажет кезде көмекке келуге дайын екеніне деген сенімі. Осы ретте сіздерге – учаскелік инспекторларға жүктелер жауапкершілік айрықша.

2-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Иесін тапқан марапат



Қазақстанның Құрметті журналисі Сағат Батырхан «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Жуырда мерейлі 70 жасқа толған тәжірибелі журналистің саналы ғұмырының басым бөлігі отандық және халықаралық ақпарат саласындағы қызметке арналды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген Сағат Сыдыққызы еңбек жолын 1978 жылы Қарағанды облыстық радиосында бастады. Мұнда тілші, бас редактор қызметтерін атқарды. Кейін «Хабар» агенттігі мен Қазақ радиосының Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі болды. Облыстық телерадиокомпанияда төраға орынбасары – бағдарламалар директоры қызметін де атқарды.


2000 жылы «Азаттық» радиосының Астанадағы бюросын басқарды. Ал, 2001 жылы Чехияның Прага қаласына барып, «Азаттық» радиосының қазақ редакциясында еңбек етті. 12 жыл бойы редактор, онлайн продюсер ретінде қызмет атқарды.

2013 жылы елге оралып, облыстық телерадио саласындағы қызметін жалғастырды. «Қазақстан» телерадиокорпорациясының облыстық филиалында, кейін «SARYARQA» телеарнасында қазақ редакциясының бас редакторы болды.

Өз тілшімізден

Шағын шеберханадан – шартарапқа

Құрыш қаланың өндірістік қуаты алып пештерде балқыған болатпен ғана өлшенбесі кәдік. Металлургияның күрделі тетіктері мен технологиялық жабдықтарын жасап, өндірістің үздіксіз жұмыс істеуіне үлес қосып отырған жергілікті кәсіпорындардың да бұл саладағы орны айрықша. Өйткені, ірі өнеркәсіптің өрісі онымен сабақтас өндірістердің дамуымен де кеңейеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында Qarmet кәсіпорнын арнайы мысалға алып, өңірдегі негізгі саланың төңірегінде білім, ғылым, қызмет көрсету және сабақтас өндірістерді қамтитын біртұтас жүйе қалыптастырудың маңызын атап көрсетті. Осы міндеттің нақты көрінісі – Теміртаудағы «Инкар-1» машина жасау кәсіпорны. Ширек ғасырдан астам уақыт бұрын шағын шеберханадан бастау алған өндіріс бүгінде еліміздің ірі өнеркәсіп ошақтарына қажетті күрделі бөлшектер мен жабдықтар әзірлейтін кәсіпорынға айналып үлгерді. Күні кеше «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Қарағанды облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстанның үздік тауарлары» байқауының «Өндіріске арналған тауарлар» аталымында үздік деп танылды.



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ
ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ
2026

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы қадамдар

Кәсіпорынның қалыптасу тарихына үңілсек, бүгінгі өндірістің іргетасы 1998 жылы қаланған. Ол кезде Теміртаудағы небәрі 60 шаршы метрлік шағын шеберханада екі токарь станогы мен үш жұмысшы ғана болған. Алғашқы тапсырыстар да аса күрделі емес, өндірістік жабдықтарға қажетті қосалқы бөлшектер мен жекелеген тетіктерді әзірлеуден басталды. Әйткенмен, машина жасаудың өзіндік машақаты бар. Әр бөлшектің дәлдігі, материалдың беріктігі, жабдықтың техникалық талапқа сәйкестігі айрықша жауапкершілікті қажет етеді. Сондықтан, кәсіпорынның дамуы өндірістік тәжірибе жинақтаумен, инженерлік мүмкіндіктерді кеңейтумен және күрделі тапсырыстарды игерумен қатар жүрді.

– Жылдар бойы шығарылатын өнім түрлерін едәуір көбейтіп, өндірістік базамызды нығайттық. Одан әрмен өзіміздің инженерлік-техникалық әлеуетімізді жетілдірдік.

4-бет

БАСПАСӨЗ-2027

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте. «Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 15 500 теңге	6 ай	16 109,75	11 162,53
		12 ай	32 219,50	22 325,06
Жеке жазылулар үшін	12 айға 7000 теңге	6 ай	7 529,07	6 912,53
		12 ай	15 058,14	13 825,06

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Баламалы жазылым 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	11 500	27 219,50	16 825,05
Жеке жазылулар үшін	5800	12 858,13	11 725,05

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді.«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспи QR арқылы жазылуға болады

«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңыраққа!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 487.73 ●USD/KZT 443.96 ●RUB/KZT 5.38 ●CNY/KZT 66.6

Қазақстан Ұлттық Банкінің 18 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Жастар жігерін жаныған жүздесу

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде дәріс оқып, студенттерге өңір экономикасының қазіргі ахуалы мен даму перспективалары туралы кеңінен әңгімеледі. Өнеркәсіп пен инвестиция, инфрақұрылымдық жобалар және жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелеріне тоқталған өңір басшысы болашақ мамандармен еңбек нарығындағы мүмкіндіктерді де талқылады. Кездесу ашық пікір алмасуға ұласып, жастар өздерін толғандырған сауалдарға жауап алды.



Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірдің экономикалық өсімі қандай факторларға тәуелді? Жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін қандай жағдай қажет? Жолдар мен инженерлік инфрақұрылымның дамуы өндіріс орындарының ашылуына және халықты жұмыспен қамтуға қалай әсер етеді? Облыс әкімі болашақ экономистерге арналған дәрісінде осы мәселелерді жан-жақты түсіндірді.

Ермағанбет Бөлекпаев облыста жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен жүзеге асырылып жатқан жаңа жобаларды мысалға келтіріп, өңір экономикасының даму бағыттарын сипаттады. Инвесторларды тартудың алғышарттарына, өндірістік әлеуетті тиімді пайдалануға және экономиканың жаңа салаларын дамытуға назар аударды. Әсіресе, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту мен жол құрылысының инвестициялық тартымдылықты арттырудағы маңызын атап өтті.

Дәріс барысында экономикалық көрсеткіштермен қатар, сол өсімді қамтамасыз ететін адам капиталының рөліне де ерекше мән берілді. Өңір басшысының айтуынша, жаңа кәсіпорындар мен өндірістік жобалардың табысты жүзеге асуы білікті кадрларға тікелей байланысты. Сондықтан, жастардың сапалы білім алып қана қоймай, алған білімін тәжірибеде қолдана білуі маңызды.

Осы орайда жоғары оқу орындары түлектерін жұмыспен қамту мәселесі де кеңінен қозғалды. Облыс әкімі студенттерді еңбек жолын бастаудан қорықпауға, бірден жоғары лауазымға немесе мінсіз жұмыс орнына ұмтылмай, алғашқы мүмкіндікті тиімді пайдалануға шақырды. Қарапайым қызметтен басталған еңбек жолы да кәсіби өсуге негіз болатынын жеткізді.

– Өңірдің болашағы табиғи ресурстарға, зауыттарға, инвестиция мен мемлекетке ғана байланысты емес. Ең алдымен, оның дамуы адамдарға, сол жолда еңбек ететін азаматтарға байланысты. Ал, бүгінгі жастар – ертеңгі өңір дамуына үлес қосатын буын. Сондықтан, еңбек жолын кез келген жұмыстан бастауға болады, одан қорқудың қажеті жоқ. Ең бастысы – облыста қандай мүмкіндіктер бар екенін біліп, алған білімдеріңізді қай салада кәдеге жарата алатындарыңызды түсіну, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сонымен қатар, өңір басшысы кәсіби қалыптасу үшін университет қабырғасында алған біліммен шектеліп қалмаудың қажеттігін айтты. Студенттерге дүниетанымын кеңейтіп, ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететін кітаптарды оқуға, үнемі ізденіп, білімін толықтырып отыруға кеңес берді.

Дәрістен кейін кездесу еркін сұхбатқа ұласты. Жастар облыс әкіміне көкейлеріндегі сауалдарын қойып, болашақ еңбек жолына қатысты жоспарларымен бөлісті. Әсіресе, оқу орнын аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасу, өңірде сұранысқа ие мамандықтар мен жаңа экономикалық жобаларға қатысу мүмкіндіктері студенттердің қызығушылығын туғызды.

Солардың бірі – «Туризм» мамандығының төртінші курс студенті Айнұр Каренова. Жарты жылдан кейін диплом алатын ол болашақта шетелге саяхат ұйымдастыратын туристік агенттікте емес, отандық туризм саласында еңбек етуді көздейді. Өзі таңдаған мамандық арқылы туған өңірінің дамуына үлес қосуды мақсат еткен студент облыста қолға алынған туристік жобалар мен жас мамандарға жасалатын мүмкіндіктер туралы сұрады.



Ермағанбет Бөлекпаев Қарағанды облысының туристік әлеуетін арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Атап айтқанда, Балқаш, Приозерск және Қарқаралы қалаларында жүзеге асырылып жатқан жобалар жөнінде мәлімет берді.

Бүгінде Балқаш көлінің жағалауында ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға қажетті инфрақұрылым қалыптастырылып, арнайы экономикалық аймақ құру жұмыстары жүргізілуде. Ал, Приозерск қаласында туристік нысандар салуға ниетті инвесторлар үшін сегіз гектар жер учаскесі әзірленген. Сондай-ақ, Қарқаралыдағы Бұғылы шатқалы да өңірдің туристік әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін бағыттардың бірі ретінде аталды.

Облыс әкімі туризм саласында жұмыс істеуге ниетті Айнұрға облыстық туризм басқармасында тәжірибеден өтуді ұсынды. Тәжірибе барысында өзін кәсіби тұрғыдан танытуға мүмкіндік алатынын айтып, кейін жұмысқа орналасу мәселесін де қарастыруға болатынын жеткізді.

Мұндай ұсыныс студент үшін күтпеген мүмкіндік болды. Өзінің болашағына қатысты маңызды сауал қойған кезде қатты толқығанын жасырмаған Айнұр өңірдегі туризмді дамытуға үлес қосуға дайын екенін айтты.

– Менің ойымша, Қарағанды облысында туризмді дамытуға мүмкіндік мол. Өңірімізде экономикаға үлес қоса алатын демалыс орындары мен көрікті мекендер көп. Осы саланың өркендеуіне өз білімім мен күш-жігерімді жұмсауға дайынмын, – деді Айнұр.

Жастарды жұмыспен қамту мәселесіне шет тілдері факультетінің төртінші курс студенті Дінмұхаммед Данияұлы да қызығушылық танытты. Ол өңірдегі өндіріс орындарында еңбек ету мүмкіндіктері мен болашақта ашылатын жұмыс орындары туралы сұрады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жарияланған «Халықтық құрылыс» бағдарламасы аясындағы перспективаларға назар аударды.

Дінмұхаммедтің айтуынша, облыс басшысымен тікелей кездесіп, өңірдің экономикалық дамуы туралы ақпарат алу студенттерге болашақ мамандығының мүмкіндіктерін кеңірек бағамдауға көмектеседі.

– Облыс әкімімен жеке кездесуді көптен бері армандап жүр едім. Бүгін сол мүмкіндіктің туғанына қуаныштымын. Мұндай жүздесулер студенттерге жігер беріп, болашаққа сеніммен қарауға, өз мүмкіндіктерін бағамдауға көмектеседі. Жастармен ашық пікір алмасу өте маңызды деп ойлаймын, – деді Дінмұхаммед.

Осылайша, облыс әкімінің дәрісі өңір экономикасының қазіргі жағдайы мен алдағы даму бағыттарын таныстырумен ғана шектелген жоқ. Жастар өздерін толғандырған мәселелерді ортаға салып, алған білімдерін қай салада қолдануға болатыны жөнінде нақты ақпарат алды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Тыныштықтың темірқазығы



(Соңы. Басы 1-бетте)

Өйткені, көптеген азамат үшін мемлекет ұғымы биік мінберлер мен үлкен кабинеттерден емес, көмек сұрап жүгіне алатын нақты адамнан басталады. Өз аумағын, әр көшесін, отбасылар мен тұрғындардың мәселелерін бес саусақтай білетін, заң талаптарын орындатумен ғана шектелмей, халықтың сөзін тыңдап, мұң-мұқтажына құлақ аса алатын учаскелік инспектордан басталады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңір басшысының бұл сөзі учаскелік инспектор қызметінің қоғамдағы орнын айқындай түседі. Өйткені, халықтың полицияға деген сенімі, ең алдымен, күнделікті қарым-қатынастан, әрбір азаматтың мәселесіне көрсетілген ықылас пен әділ шешімнен қалыптасады.

Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Мұрат Қабденов те өз сөзінде учаскелік инспекторлардың құқық қорғау жүйесіндегі маңызына назар аударды.

– Учаскелік инспектор – полицияның халықпен байланысын қамтамасыз ететін негізгі өкіл. Өйткені, ол тұрғындармен тікелей жұмыс істейді, олардың тыныс-тіршілігін, өзекті мәселелерін жақсы біледі әрі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысады. Мемлекет басшысы учаскелік инспекторлардың мәртебесін көтеруге және әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөліп келеді. Бұл сіздер атқарып жүрген қызметтің қоғам өміріндегі маңызын айқын көрсетеді, – деді комитет төрағасы.

Республикалық байқаудың қорытындысында бас жүлде Ақмола облысы полиция департаментінің өкілі, полиция майоры Бауыржан Сарыбаевқа бұйырды. Жеңімпаз Ішкі істер министрлігінің «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен де марапатталды.

– Учаскелік инспектордың басты міндеті – адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтарға жол бермеу. Ол үшін тұрғындармен үнемі байланыста болып, өз учаскеңдегі ахуалды жіті біліп отыру қажет. Әр адамға түсіністікпен қарап, оның мәселесіне бейжай қарамау керек. Өйткені, біздің жұмысымызда тұрғындардың сенімі айрықша мәнге ие, – деді Бауыржан Сарыбаев.

Байқаудың екінші орнын Түркістан облысының өкілі, полиция майоры Түлеби Қолманов иеленді. Ол Ішкі істер министрлігінің «ІІМ үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Ал, үшінші орын Жамбыл облысы полиция департаментінің қызметкері, полиция капитаны Мырзатай Мекенбайға бұйырды. Оған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің грамотасы табысталды.

Республикалық сайыс аясында Қарағанды облысының үздік учаскелік полиция инспекторлары да құрметке бөленді. Өңірде бұл бағыттағы ынталандыру шаралары игі дәстүрге айналған. Ермағанбет Қабдулаұлы үшінші жыл қатарынан қала мен ауылдағы үздік учаскелік инспекторларға екі миллион теңгеден ақшалай сертификат табыстап келеді.

Биыл «Үздік қалалық учаскелік полиция инспекторы» аталымында Саран қаласы полиция бөлімінің қызметкері, полиция подполковнигі Айдар Маканов жеңімпаз атанды. Ал, «Үздік ауылдық учаскелік полиция инспекторы» аталымында Ақтоғай ауданының өкілі, полиция аға лейтенанты Жандос Қыдыргелді үздік деп танылды.

Марапаттау рәсімінде қызметтік міндеттерін адал атқарып, қоғамдық тәртіпті сақтауға үлес қосқан бірқатар полиция қызметкеріне Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Алғыс хаты табысталды. Салтанатты шара концерттік бағдарламамен аяқталды.

Қарағандыда өткен республикалық байқау учаскелік инспекторлардың кәсіби шеберлігін шыңдап, озық тәжірибелерді кеңінен таратуға мүмкіндік берген маңызды алаң болды. Ал, мұндай сайыстардың түпкі мәні – халықпен етене жұмыс істейтін тәртіп сақшыларының жауапкершілігін арттырып, қоғамдағы заң мен тәртіп қағидатын нығайту.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Тілсіз жауға тосқауыл

Облыстың шалғай елдімекендерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілуде. Қарқаралы ауданында бірден екі өрт сөндіру бекеті пайдалануға беріліп, алты мыңға жуық тұрғынды қамтитын аумақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік туды. Ал, өңірдің өзге аудандарындағы бірқатар ауылда жаңа өрт сөндіру бөлімшелері салынып жатыр. «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында қолға алынған бұл бастама төтенше жағдайларға жедел ден қоюға, өрттің алдын алуға және шалғайдағы елдімекендердің қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудан орталығынан шалғай орналасқан елдімекендерде төтенше жағдай туындаса, кәсіби құтқарушылардың оқиға орнына жетуіне уақыт қажет. Сондықтан, ауылдардың өзінде өрт сөндіру бекеттерін ашу – тұрғындардың өмірі мен мүлкін қорғаудағы маңызды қадам.

Облыста осы бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Жақында Қарқаралы ауданында екі жаңа ерікті өртке қарсы құрылымның ашылуы – соның нақты көрінісі. Жаңа бөлімшелер өрт оқиғаларына жедел әрекет етуге, төтенше жағдайлардың зардабын азайтуға және жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алғашқы бекет Жаңатоған ауылында жұмысын бастады. Оның қызмет көрсету аумағына жалпы саны 600-ден астам тұрғыны бар екі елдімекен кіреді. Бөлімше қажетті өрт сөндіру техникасымен, байланыс құралдарымен, арнайы жабдықтармен және қорғаныш киімдерімен толық қамтамасыз етілген.

Мұнда қызметкерлердің тәулік бойы кезекшілік атқаруына қажетті жағдай жасалған. Бұл өрт немесе өзге де төтенше жағдай туралы хабар түскен сәтте уақыт жоғалтпай әрекет етуге мүмкіндік береді.



Екінші өрт сөндіру бекеті Қарағайлы кентінде ашылды. Оның қызмет көрсету аумағында төрт мыңнан астам адам тұрады. Жаңа нысан кент тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, төтенше жағдайларға қарсы әрекет ету мүмкіндіктерін кеңейтпек.

Бекет ғимараты қажетті талаптарға сай жабдықталған. Мұнда өрт сөндіру техникасына арналған гараж, диспетчерлік бөлме, қызметкерлердің тынығуына арналған орын, асүй және санитарлық торап қарастырылған. Жуыну бөлмесі де бар. Ал, жылдың суық мезгілінде ғимарат ішіндегі температураны қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін электр жылыту жүйесі орнатылған.

Аталған екі бекет те «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында ашылды. Бағдарламаның негізгі мақсаты – шалғай елдімекендерде өртке қарсы қорғанысты күшейтіп, құтқару қызметтерінің тұрғындарға қолжетімділігін арттыру.

Бұл бағыттағы жұмыстар Қарқаралы ауданымен шектелмейді. Облыстың өзге өңірлерінде де өртке қарсы инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылып отыр.

Атап айтқанда, Шет ауданындағы Мойынты кентінде, Абай ауданындағы Ақбастау ауылында, Ақтоғай ауданындағы Жалаңаш ауылы мен Сарышаған кентінде жаңа өрт сөндіру бекеттерінің құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ, Бұқар жырау ауданындағы Белағаш, Тоғызқұдық және Ақтөбе ауылдарында да осындай нысандар бой көтеріп жатыр.

Бұдан бөлек, Абай ауданының Юбилейное ауылында жергілікті шаруа қожалығының базасында өрт сөндіру бекетін ұйымдастыру жоспарланған. Ал, Белағаш кентінде өрт сөндіру алаңының құрылысы басталған.

Жаңа нысандардың пайдалануға берілуі ауылдық аумақтардағы қауіпсіздік жүйесін нығайтып, өрт сөндіру қызметінің жеделдігін арттыруға жағдай жасайды. Әсіресе, аудан орталықтарынан қашық орналасқан елдімекендер үшін мұндай бекеттердің маңызы айрықша.

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Өйткені, ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі көбіне өртке қарсы қызметтің қаншалықты жақын орналасқанына байланысты. Шақырту түскеннен кейін оқиға орнына жетуге жұмсалатын әрбір минуттың маңызы бар. Ал, ауылдың өзінде қажетті техникамен жабдықталған бөлімшенің болуы өрт ошағын дер кезінде анықтап, жалынның таралуын шектеуге мүмкіндік береді.

Жалпы, облыста жаңа өрт сөндіру бекеттерін ашу және қолданыстағы инфрақұрылымды кеңейту жұмыстары ауыл тұрғындарын төтенше жағдайлардан қорғаудың қолжетімді жүйесін қалыптастыруға бағытталғанын айту керек.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Халықпен жүздесу – өзекті мәселелерді шешуге бастар жол

ӘДІЛЕТ

9-13 қараша аралығында «Әділет» партиясының Қарағанды облыстық филиалынан ұсынылған кандидаттар аймақтың бірқатар кәсіпорны мен мекемесінде, ауылдық елдімекендерде және қалаларда тұрғындармен кездесулер өткізді. Бес күнге созылған үгіт-насихат жұмыстары аясында өндіріс жұмысшыларынан бастап медицина мамандары, педагогтер, кәсіпкерлер, ардагерлер мен ауыл тұрғындарына дейінгі түрлі әлеуметтік топ өкілдерімен жүздесіп, олардың ұсыныстары мен өзекті мәселелерін тыңдады. Кездесулердің негізгі өзегі – еңбек адамының жағдайы, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған бастамалар болды.



Қарағанды облысының экономикалық әлеуеті ең алдымен өнеркәсіп орындарының жұмысымен, өндірістік қуатымен және осы салаларда еңбек ететін мыңдаған азаматтың кәсіби біліктілігімен өлшенеді. Өңірдің индустриялық сипатын ескере отырып, кандидаттардың жұмыс кестесінде өндірістік кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен кездесулерге айрықша орын берілді.

Апталық кездесулердің алғашқы күнінен бастап, кандидаттар жұмысшылармен тікелей байланыс орнатуға басымдық берді. Қарағанды қаласында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының еңбек ұжымымен, «Qarmet» АҚ-ның Листпрокат цехы қызметкерлерімен және профессор-оқытушылар құрамымен кездесулер өтті. Сондай-ақ, профессор Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханаға мамандарымен жүздесіп, денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелер талқыланды.

Өнеркәсіп саласындағы кездесулер кейін де жалғасын тапты. Кандидаттар Qarmet Machinery кәсіпорнының №1 өндіріс орны мен Энергетикалық зауытында, «Qarmet» АҚ-ның Сталь департаменті мен Конвертор цехында, «QARMET SERVICE», «Шұбаркөл көмір», «Металл профиль», «ОРИОН», «QazTehna», «Silk Road Electronics» және «Изоплюс Центральная Азия» кәсіпорындарының еңбек ұжымдарымен жүздесті.

Әр өндіріс орнының өзіндік ерекшелігі болғанымен, жұмысшылар көтерген мәселелердің мазмұны бір-бірімен сабақтас болды. Атап айтқанда, еңбек қауіпсіздігін сақтау, өндірістік инфрақұрылымды жаңарту, жұмыс орындарының тұрақтылығы, кәсіби мамандар даярлау және жас кадрларды өндіріс саласына тарту мәселелеріне назар аударылды.

Кездесулерде өндіріс қызметкерлерінің ұсыныстары мен пікірлері тыңдалып, өнеркәсіптің дамуы тек кәсіпорынның экономикалық көрсеткіштерімен шектелмейтіні, онда мыңдаған отбасының тұрмысы мен өңірдің әлеуметтік тұрақтылығы тұрғаны атап өтілді.

– Қарағанды облысы үшін өнеркәсіптің орны ерекше. Өңірдің дамуы мен экономикалық тұрақтылығы тікелей өндіріс орындарының жұмысына және сол жерде еңбек ететін азаматтардың жағдайына байланысты. Сондықтан, еңбек ұжымдарымен кездескенде біз, ең алдымен, жұмысшылардың өз пікірін, ұсынысын және күнделікті қызмет барысында кездесетін мәселелерін тыңдауға мән береміз. Еңбек қауіпсіздігі, өндірістік қуаттарды жаңғырту, кәсіби біліктілікті арттыру және жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру – назардан тыс қалмауы тиіс бағыттар. Өйткені, өндірістің басты күші – заманауи технологиямен қатар, оны меңгерген білікті маман, – деді кандидат Бекзат Алтынбеков.

Аймақтың өндірістік әлеуетімен қатар, энергетика саласының тұрақты жұмысы да ерекше маңызға ие. Осы бағытта Қарағанды қаласындағы «KEGOC» АҚ және Топар кентіндегі Абай ауданының ГРЭС еңбек ұжымдарымен кездесулер ұйымдастырылды. Сонымен бірге, Балқаш қаласындағы «Сары Қазына» кәсіпорнының қызметкерлерімен жүздесу өтті.

Кездесулер барысында энергетикалық инфрақұрылымның сенімділігі, өндірістік нысандарды жаңғырту, мамандардың кәсіби даярлығы және саланың ұзақ мерзімді дамуы жөнінде пікір алмасты. Энергетика жүйесінің тұрақтылығы өндіріс орындары үшін ғана емес, тұтас өңірдің әлеуметтік және экономикалық өмірі үшін маңызды екені айтылды.

Кандидаттар өнеркәсіп пен энергетика салаларының өзара тығыз байланысына тоқталып, өндірістік кәсіпорындардың үздіксіз жұмыс істеуі үшін инфрақұрылымның сапасы, кадрлық әлеует және еңбек жағдайы қатар дамуы қажеттігін жеткізді.

– Біздің салада жұмыс тұрақтылығы мен еңбек қауіпсіздігі бірінші орында тұрады. Өндіріс орындарының дамуы үшін заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету, мамандардың біліктілігін арттыру және жас кадрларға мүмкіндік беру маңызды. Мұндай кездесулерде жұмысшылардың өз ұсыныстарын тікелей жеткізуіне жағдай жасалады. Бастысы, айтылған мәселелер кейін де назарда болып, нақты нәтижесін берсе дейміз, – деді кездесуге қатысқан өнеркәсіп саласы еңбек ұжымының өкілі Берік Әлиев.

Кандидаттардың назарынан білім беру саласы да тыс қалған жоқ. Профессор-оқытушылар құрамымен өткен кездесуде білім сапасы, жоғары оқу орындарының әлеуеті, еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау және жастардың кәсіби қалыптасуы мәселелері қозғалды. Білім беру жүйесі мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту, теориялық білімді тәжірибемен ұштастырудың маңызы атап өтілді.

Себебі, бүгінгі еңбек нарығы маманнан тек дипломды ғана емес, нақты кәсіби дағдыны, технологиялық өзгерістерге бейімделуді және үздіксіз ізденісті талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру мекемелері мен өндірістік кәсіпорындардың өзара ықпалдастығы өңірдің болашақ кадрлық әлеуетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Апталық кездесулердің елеулі бөлігі денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау мәселелеріне арналды. Кандидаттар профессор Мақажанов атындағы көпбейінді аурухана, Теміртау қаласындағы №1 емхана, Ақтоғай және Бұқар жырау аудандарының ауруханаларының еңбек ұжымдарымен кездесіп, медицина қызметкерлерінің ұсыныстарын тыңдады.

Медицина мамандары алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігі, ауылдық жерлердегі медициналық қызмет сапасы, кадр тапшылығы, материалдық-техникалық базаны жетілдіру және медициналық қызметкерлердің еңбек жағдайы секілді мәселелерді ортаға салды.

Әсіресе, аудандық және ауылдық медициналық ұйымдардың мүмкіндіктерін кеңейту, білікті мамандарды шалғай елдімекендерге тарту және тұрғындарға сапалы медициналық көмекті уақытылы көрсету мәселелерінің маңыздылығы атап өтілді. Өйткені, денсаулық сақтау саласының тиімділігі тұрғынның тұрғылықты жеріне қарамастан, сапалы медициналық қызмет алу мүмкіндігімен бағалануы тиіс.

Әлеуметтік бағыттағы кездесулер де мазмұнды өтті. Қарағанды қаласындағы Отбасын қолдау және әлеуметтік қызметтер орталығының мамандарымен жүздесуде отбасыларға көмек көрсету, әлеуметтік қызметтердің сапасы, қиын жағдайға тап болған азаматтарды қолдау және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселелері талқыланды.

– Әлеуметтік қолдау дегеніміз – тек материалдық көмек көрсету емес. Бұл – әр адамның жағдайына түсіністікпен қарап, оның қоғамдағы өз орнын табуына, қиындықтарды еңсеруіне мүмкіндік жасау. Әсіресе балалар, қарттар, мүгедектігі бар азаматтар мен қолдауға мұқтаж отбасылардың мәселелері әрдайым назарда болуы керек. Әлеуметтік сала мамандары күн сайын үлкен жауапкершілікпен жұмыс істейді. Сондықтан олардың ұсыныстарын тыңдау, қызмет көрсету сапасын арттыру және азаматтарға қажетті көмектің қолжетімді болуын қамтамасыз ету маңызды, – деді кандидат Жұлдыз Сағымбаева.



Осы бағыттағы жұмыстар аясында кандидаттар қарттар мен мүгедектігі бар азаматтарға арналған мекеменің қамқорлығындағы жандармен де жүздесті. Мұндай кездесулердің басты мақсаты – мекеме тұрғындарының күнделікті қажеттіліктеріне назар аудару, олардың ұсыныстарын тыңдау және қоғамның әрбір мүшесіне құрметпен қараудың маңызын көрсету.

Қоғамның әлеуметтік тұрақтылығы тек экономикалық өсіммен өлшенбейді. Ол – азаматтардың өзін қауіпсіз сезінуі, қажетті қолдауға қол жеткізуі және өмірдің әр кезеңінде қоғам назарынан тыс қалмауы. Сондықтан, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін дамыту мен адами капиталға инвестиция салу өзекті міндеттердің бірі болып қала береді.

Кездесулер барысында кәсіпкерлік саласының өкілдерімен де пікір алмасуға мүмкіндік туды. Теміртау қаласындағы кәсіпкерлер палатасында шағын және орта бизнес өкілдерімен өткен кездесуде бизнесті жүргізуге қолайлы жағдай жасау, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, өндірісті кеңейту және жергілікті кәсіпорындардың дамуына кедергі келтіретін мәселелер сөз болды.

Шағын және орта бизнес – өңір экономикасының маңызды құрамдас бөлігі. Ол жаңа жұмыс орындарын ашуға, жергілікті өндірісті дамытуға және халықтың табысын арттыруға ықпал етеді. Сондықтан кәсіпкерлердің ұсыныстарын тыңдау, олардың бастамаларын қолдау және бизнес жүргізу жағдайларын жетілдіру өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Апталық кездесулердің тағы бір маңызды бағыты – аға буын өкілдерімен және ардагерлермен жүздесу болды. Қарағанды қаласының ардагерлер кеңесі мүшелерімен және Теміртау қаласының зейнеткерлерімен өткен кездесулерде әлеуметтік қолдау, зейнеткерлердің тұрмыс сапасы, қоғамдық өмірге белсенді араласуы және ұрпақтар сабақтастығы мәселелері қозғалды.

Ардагерлер қоғамның тарихи жадын сақтап, кейінгі буынға өмірлік тәжірибесін жеткізетін маңызды әлеуметтік топ екені белгілі. Олардың ұсыныстары мен пікірлері өңірдің қоғамдық өмірін дамытуда ерекше мәнге ие. Кездесулерде аға буын өкілдерінің өмірлік тәжірибесін жастар тәрбиесінде пайдалану, қоғамдық бастамаларға тарту және олардың әлеуметтік қажеттіліктеріне көңіл бөлу мәселелері де назарға алынды.

Бес күндік жұмыс кестесі Қарағанды қаласымен ғана шектелмеді. Кандидаттар Ақтоғай, Бұқар жырау, Абай аудандарында, Доскей ауылы, Топар кенті, Балқаш және Приозерск қалаларында болып, жергілікті тұрғындармен және еңбек ұжымдарымен кездесті.

Ақтоғай ауданында тұрғындармен және аудандық аурухана қызметкерлерімен өткен басқосуларда ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымы, медициналық қызметтің қолжетімділігі және жергілікті халықты толғандырған мәселелер талқыланды. Ауыл тұрғындары үшін сапалы жол, ауыз су, медициналық қызмет, білім беру және тұрақты жұмыспен қамту мәселелері күн тәртібінен түспейтінін жеткізді.

Бұқар жырау ауданындағы аудандық аурухана ұжымымен, Доскей ауылындағы «Изоплюс Центральная Азия» кәсіпорнының қызметкерлерімен өткен кездесулер де өңірлік мәселелерді талқылауға арналды. Ал, Абай ауданындағы Топар кентінің ГРЭС еңбек ұжымымен және ауданның көмір байыту фабрикасы қызметкерлерімен жүздесуде өндіріс пен әлеуметтік инфрақұрылымның өзара байланысына назар аударылды.

Приозерск қаласының тұрғындарымен өткен кездесуде қала өміріне қатысты өзекті мәселелер мен тұрғындардың ұсыныстары тыңдалды. Әр елдімекеннің өзіндік ерекшелігі болғанымен, тұрғындарды толғандыратын ортақ мәселелер – жұмыс орындарының тұрақтылығы, әлеуметтік нысандардың қолжетімділігі, инфрақұрылымның сапасы және келешекке сеніммен қарауға мүмкіндік беретін жағдайлар.

Жалпы, 9-13 қараша аралығында өткен кездесулер аймақтың түрлі саласында еңбек етіп жүрген азаматтармен тікелей байланыс орнатуға, олардың пікірлері мен ұсыныстарын тыңдауға мүмкіндік берді. Өндіріс орындарындағы еңбек жағдайынан бастап, ауылдық жерлердегі медициналық қызметтің қолжетімділігіне, кәсіпкерлікті қолдаудан бастап, аға буын өкілдерінің әлеуметтік қажеттіліктеріне дейінгі кең ауқымды мәселелер қамтылды.

Кездесулердің басты құндылығы – тұрғындармен ашық диалог орнату. Себебі, өңірдің нақты қажеттіліктерін сол жерде өмір сүріп, еңбек етіп жүрген азаматтардан артық ешкім білмейді. Олардың ұсыныстарын тыңдау, мәселелерін назарға алу және қоғамдық талқылауға шығару – халықпен байланыстың маңызды тетігі.

«Әділет» партиясының кандидаттары алдағы уақытта да өңір тұрғындарымен кездесулерді жалғастырып, түрлі әлеуметтік топтардың ұсыныстарын тыңдауға және халықты толғандырған мәселелерді көтеруге басымдық бермек. Өйткені әділетті қоғам құру – ең алдымен әр азаматтың үні естіліп, еңбегі бағаланып, өмір сапасын жақсартуға бағытталған нақты бастамалар жүзеге асатын орта қалыптастырудан басталады.

Дайындаған:
Ералы ҒАНИ,
«Әділет» партиясының Қарағанды облыстық филиалының баспасөз қызметі
Тапсырыс беруші:
Б.Қ.АЛТЫНБЕКОВ,
Төлем «Әділет» партиясы қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған сайлау қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылды






Шағын шеберханадан – шартарапқа

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бастапқыда жекелеген бөлшектерді жасаумен айналыссақ, кейін күрделі тораптар мен жабдықтарды өндіруге, кешенді өнеркәсіптік жобаларды жүзеге асыруға көштік. Бүгінде тапсырыс берушінің техникалық талабына сай бұйым әзірлеумен қатар, оның конструкторлық құжаттамасын жасап, бұрыннан қолданыстағы жабдықтардың сызбаларын қайта қалпына келтіру жұмыстарын да атқарамыз, – дейді кәсіпорын басшысы Қуандық Нұрпейісов.

Қуандық Балтабайұлының айтуынша, машина жасауда дайын сызба бойынша бөлшек өндіру бір бөлек, ал, тозған немесе істен шыққан тетіктің үлгісіне қарап, оның құрылымын қайта жобалау әлдеқайда күрделі жұмыс. Өндірісте кері инжиниринг деп аталатын осы тәсілді меңгеру кәсіпорынға тапсырыс ауқымын кеңейтуге мүмкіндік берген.




Күрделі тапсырыс, толысқан тәжірибе

Бүгінде «Инкар-1» кәсіпорнында 105 адам еңбек етеді. Мұнда металл өңдеу, өнеркәсіптік жабдықтарды жобалау, жасау, жөндеу және жаңғырту жұмыстары қатар жүргізіледі. Әсіресе, металлургиялық комбинаттардың агломерациялық, домна, болат балқыту және прокат өндірістеріне қажетті тетіктер мен технологиялық тораптар әзірлеу жолға қойылған. Тау-кен кәсіпорындарына арналған жабдықтар, кен ұсатуға қажетті торлар, арнайы траверстер мен құбыр тораптары да өндіріс ауқымын айқындай түседі. Әр тапсырыстың өзіндік техникалық ерекшелігі болғандықтан, бұйым әзірлеу ісі конструкторлық құжаттамадан басталып, металды кесу, механикалық өңдеу, дәнекерлеу, құрастыру және сапасын тексеру кезеңдерімен жалғасады.

Кәсіпорынның инженерлік әлеуетін танытатын бір көрсеткіш – осы уақытқа дейін жұқа табақты металды өңдеуге арналған 50-ден астам өндірістік желінің жасалып, тапсырыс берушілерге жеткізілуі. Бұдан бөлек, тапсырыс негізінде жер қазу-сору кемесі де жобаланып, құрастырылған. Алғашқы техникадан кейін тапсырыс берушінің тағы төрт машинаға сұраныс білдіруі атқарылған жұмыстың өндірістік маңызын аңғартады.

Қазір темиртаулық машина жасаушылардың өнімдеріне еліміздің ірі өнеркәсіп ошақтары да сұраныс танытып отыр. Олардың қатарында Qarmet, «Қазақмыс» корпорациясы, ERG тобына қарасты кәсіпорындар, ALSTOM Kazakhstan және цемент өндірісі саласындағы тапсырыс берушілер бар. Әсіресе, металлургиялық комбинаттармен қалыптасқан өндірістік байланыс жергілікті кәсіпорынның дамуында елеулі орын алады. Өйткені, ауқымды өнеркәсіп орындарының жұмысында қолданылатын жабдықтардың жекелеген бөлшектерін дер кезінде әзірлеу де, қолданыстағы механизмдерді қалпына келтіру де жоғары дәлдік пен технологиялық жауапкершілікті талап етеді.



Импортты алмастырған отандық өнім

Отандық машина жасау саласының әлеуеті, ең алдымен, бұрын сырттан жеткізілген жабдықтарды өзімізде өндіре алу мүмкіндігімен айқындалады. Бұл бағытта темиртаулық кәсіпорынның қол жеткізген нәтижелері назар аударарлық. Соның бірі – үздіксіз болат құю машиналарына арналған екінші реттік салқындату коллекторларын игеруі. Бұрын Қытай мен Түркиядан сатып алынған бұл жабдықтар бүгінде Темиртауда әзірленеді. Балқыған металды қалыпқа келтіру үдерісінде қолданылатын коллекторлардың сапасы мен техникалық дәлдігіне қойылатын талап та жоғары.

– Біз үшін импортты алмастыру дегеніміз – оның өндірістік технологиясын меңгеріп, сапалы өнім ұсына білу. Бұрын дайын күйінде жеткізілген салқындату коллекторларын қазір өзіміз әзірлейміз. Металды кесу, механикалық өңдеу, құбыр элементтерін қалыптастыру, дәнекерлеу, құрастыру және сынақтан өткізу жұмыстары Темиртауда жүргізіледі. Бұл бұйымдардағы жергілікті қамтудың орташа есептік үлесі 82,7 пайызды құрайды. Әрбір дайын коллектор 3 атмосфера қысыммен сумен тексеріледі. Өнімнің сапасына қойылатын талап қатаң, – дейді Қуандық Балтабайұлы.

Аталған жабдықтарды өндіру 2017 жылы игерілген. Содан бері бұл өнім бойынша тіркелген сапаға қатысты шағым болмаған. Ал, биыл алты жинақтан тұратын, жалпы, саны 96 коллекторға тапсырыс қабылданған. Мұның өзі жергілікті машина жасаушылардың күрделі технологиялық жабдықтарды әзірлеу ісінде тәжірибе жинақтап, өндірістік кооперациядағы орнын нығайтып келе жатқанын аңғартады. Әрі отандық кәсіпорындарға тұрақты тапсырыс беру мәселесінің өнеркәсіпті дамытудағы маңызын көрсетеді.

Өндірістің өркенін маман өсіреді

Өндірістің өрісін кеңейтуде заманауи жабдықтармен қатар, оны игерген мамандардың біліктілігі де шешуші мәнге ие. Кейінгі жылдары тапсырыс көлемінің артуына байланысты «Инкар-1» өндірістік мүмкіндіктерін кеңейтуге ден қойған. Биыл негізгі өндірістік алаңға іргелес орналасқан қосымша құрастыру цехы жалға алынып, толық пайдалануға берілді. Ал, кәсіпорынның алғашқы күндерінен қалыптасқан инженерлік тәжірибе бүгінде күрделі техникалық міндеттерді шешуге жол ашып отыр.

Мұндай еңбектің қыр-сырын инженер-конструктор Дәулет Ұруов жақсы біледі. Ол осы кәсіпорында 2013 жылдан бері еңбек етіп келеді. Биыл кәсіби шеберлігі мен салаға сіңірген еңбегі үшін «Құрметті машина жасаушы» төсбелгісімен марапатталған. Өндірістің қалыптасу кезеңдерін көзімен көрген маман кәсіпорынның бүгінгі мүмкіндіктері бұрынғыдан әлдеқайда кеңейгенін айтады.



– Алғашында өндіріс бір ғана ғимаратта орналасқан еді. Содан бері кәсіпорынның қалай өсіп, өрісін кеңейткенін көзімізбен көрдік. Қазір, шүкір, бес бірдей ғимаратта жұмыс істеп жатырмыз. Түрлі компаниялардың тапсырыстарын орындаймыз. Кейде олардың өндірістегі белгілі бір бөлшектері істен шығады. Мұнда әр тапсырыс дайын үлгімен орындала бермейді. Кейде қолданыстан шыққан немесе бүлінген бөлшектің техникалық құрылымын қайта қалпына келтіріп, оны өндірістік талапқа сәйкестендіруге тура келеді. Мұндай жұмыс инженерлік есеп пен дәлдікті, әрі мол тәжірибені қажет етеді. Сондай жағдайда арнайы тапсырыс бойынша қажетті тетіктің сызбасын әзірлеп, сол арқылы жаңасын жасап шығарамыз, – дейді Дәулет Ұруов.

Білікті жұмысшы даярлау мәселесі де кәсіпорын назарынан тыс қалған емес. Атап айтқанда, 2014 жылдан бері Теміртау жоғары политехникалық колледжімен әріптестік орнатылып, Германияның халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қоғамымен (GIZ) бірлесіп, дуалды оқыту жүйесі бойынша мамандар даярланған. Осы ынтымақтастық нәтижесінде 15 түлек кәсіпорынға жұмысқа орналасқан. Ал, 2018 жылы қысқа мерзімді кәсіптік оқыту орталығы ашылды. Мұнымен шектелмей, «Жас маман» бағдарламасы аясында оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға да атсалысқан. Мәселен, 2021 жылы Теміртау мен Қарағандыдағы білім беру ұйымдарына жапондық Okuma және немістің DMG Mori станоктары жеткізіліп, пайдалануға берілген.

Жетістік пен келешек межесі

Жылдар бойы қалыптасқан өндірістік тәжірибе мен ұжымдық еңбектің нәтижесі де елеусіз қалған жоқ. «Инкар-1» кәсіпорны 2016 жылы Президенттің «Алтын сапа» сыйлығын иеленіп, «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын» аталымында жеңімпаз атанды. Ал, 2017 жылы әлеуметтік жауапкершілігі үшін Теміртау қаласы әкімінің «Адал» сыйлығына ие болды. 2018 жылы «Қазақстанның үздік тауары» байқауының аймақтық кезеңінде «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» аталымы бойынша үздік деп танылды. Сол жылы «Парыз» республикалық байқауының «Үздік ұжымдық шарт» аталымында жеңіске жетті. Мұндай жетістіктердің негізінде өндірістік көрсеткіштермен қатар, еңбек адамына жасалған жағдай да жатыр. Кәсіпорында ұжымдық шарт аясында қызметкерлерге қосымша төлемдер мен ынталандыру сыйақылары қарастырылған.

Дегенмен, машина жасау саласында шешімін күткен мәселелер де аз емес. Соның ең өзектісі – білікті маман тапшылығы. Бүгінде кәсіпорынға тәжірибелі токарлар, электргазбен дәнекерлеушілер, фрезершілер, цифрлық бағдарламалық басқаруы бар станок операторлары мен технологтар қажет. Өйткені, заманауи жабдықтың мүмкіндігін толық пайдалану, күрделі тапсырысты уақытылы әрі сапалы орындау, жаңа өнім түрлерін игеру ең алдымен кәсіби біліктілікке байланысты. Бұған қоса, өндірісті қажетті шикізатпен, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету және отандық өнімге тұрақты сұраныс қалыптастыру да саланың дамуына тікелей әсер етеді.

Алдағы уақытта «Инкар-1» өндірістегі жергілікті қамту үлесін арттырып, тау-кен металлургия кешеніне қажетті жабдықтар түрін көбейтуді, күрделі тетіктерді қайта жобалау бағытындағы инженерлік мүмкіндіктерін кеңейтуді көздеп отыр. Мұндай міндеттердің жүзеге асуы ірі өнеркәсіп орындары мен отандық машина жасаушылар арасындағы ынтымақтастыққа да тәуелді.

Суреттер кәсіпорынның баспасөз қызметінен

Кемелдікке жетелейтін кеңістік

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

Адам баласын кемелдікке жетелейтін құндылықтың бірі – кітап. Ал, қоғамның кемелденуі сол кітаптан нәр алған, оқығанын ой елегінен өткізіп, түйгенін көпшілік игілігіне жарата білген азаматтарға байланысты. Кейінгі жылдары кітап оқуды жеке адамның әдетінен көпшілікке ортақ мәдениетке айналдыруға ұмтылған оқырман клубтарының қатары көбейіп келеді. Өндірісті өлкеде сондай рухани ортаның бірі де бірегейі – Qasymkitap баспасының жанынан құрылған «Ұлағат» оқырман клубы. Күні кеше клубтың төрт жылдығына орай «Оқырман клубы – қоғамды өзгертетін күш» атты аймақаралық форум ұйымдастырылды.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Достық үйінде өткен тағылымды басқосуға Астана, Қарағанды қалаларынан, Қарқаралы мен Жаңаарқа аудандарынан келген кітапқұмар қауым жиналды. Олардың қатарында «Алқа», «Оқырман», «Оқылық», «Шырақ», «Қаламгерлер», «Kitaplife», «Үкілі үміт», «Ұшқан ұя», «Күретамыр», «Тұмар», «Book Lovers», «Magic Hour», «Зерде» сынды оқырман ұйымдарының өкілдері болды.

Форум үш бөлімнен тұрды. Алғашқы бөлімде оқырман ұйымдары өздерінің құрылу тарихына, мақсат-міндеттеріне және атқарып жүрген жұмыстарына қысқаша тоқталды. Бір клуб көркем әдебиетті талқылауға басымдық берсе, енді бірі кітап арқылы жастардың тұлғалық дамуына, қоғамдық белсенділігіне ықпал етуді көздейді.

– Алғаш кітап талқысын ұйымдастырғанымызда келетін адамдар саусақпен санарлықтай ғана еді. Бүгінде, міне, тамшыдан теңіз құралғандай, қатарымыз көбейіп, ауқымымыз кеңейді. Осы төрт жылда бір ортаға ұйысқан адамдардың кітапқа деген ықыласын ғана емес, өзара қарым-қатынасын, дүниетанымын да байыта алдық деп ойлаймын. Форумды өткізудегі негізгі мақсатымыз да – өзіміз құралпы оқырман ұйымдарымен тәжірибе алмасып, байланысты нығайту, бірбіріміздің жақсы бастамаларымыздан үйрену, – деді «Ұлағат» оқырман клубының жетекшісі, Qasymkitap баспасының редакторы Гүлдана Қуатқызы.

Басқосудың келесі бөлімі форумның негізгі тақырыбына арналды. Астаналық «Алқа» ұйымы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің филология факультетіндегі «Kitaplife» клубы, елордалық «Оқырман» және «Ұшқан ұя» клубтарының өкілдері төрт бағыт бойынша ой өрбітті.

– Біздің бәріміздің діттегеніміз – кітап оқуды насихаттау. Әйтсе де, мәселе көп кітап оқуда ғана емес, оқығаныңды қанша лықты терең түсініп, көңілге тоқи білуде. Әсіресе, пәлсапалық салмағы басым, астарлы ойға құрылған шығармаларды бірнеше мәрте оқығанда ғана бұрын аңғармаған қырларын байқай бастайсың. Көркем әдебиеттегі символизм, архаизм секілді ұғымдардың өзін екінің бірі бірден түсіне бермейді. Ол үшін ізденіс, зерделеу, пікір алмасу қажет. Осы орайда хакім Абайдың «Қара сөздерінде» айтылатын мұлахаза мен мұхафаза ұғымдарына назар аударған жөн. Мұлахаза – білгеніңді ой елегінен өткізіп, пайымдау, ал, мұхафаза – көңілге түйгеніңді ұмытпай, жадыңда сақтау. Білімді игерудің осы екі қуаты бірін-бірі толықтырып тұрады. Оқырман клубтарының артықшылығы да осында деп білемін. Бір адамның аңғармағанын екіншісі байқайды, бірінің ойы екіншісінің танымын толықтырады. Ортақ талқы арқылы шығарманың астарына үңіліп, автордың айтпағын тереңірек түсінуге мүмкіндік туады. Біздің «Алқа» ұйымы да Астанада осындай рухани орта қалыптастырып, кітапты жай оқитын емес, оқығанын саралап, өз көзқарасын қалыптастыратын оқырмандардың басын біріктіріп келеді. Өйткені, саналы оқырман тәрбиелеу – кемел қоғам қалыптастырудың алғашқы баспалдағы, – деді «Алқа» ұйымының мүшесі Еңлікгүл Дәулетқызы.

Форумның үшінші бөлімі «Ой қақтығысы» деп аталды. Мұнда қатысушылар бірнеше топқа бөлініп, қоғамдық мәселелер төңірегінде пікірталас жүргізді. Әр топқа арнайы жағдаяттық тапсырмалар ұсынылып, оларды шешудің жолдарын қарастыру міндеттелді. Мәселен, «Адамдар көп нәрсені біледі, бірақ, қоғамдық мәселелерге белсенді араласа бермейді» деген тұжырым ортаға тасталды. Қатысушылар мәселенің себептерін саралап, оны шешудің ықтимал тетіктерін плакаттарға түсіріп, өз ұсыныстарын дәлелдеуге тырысты.

Өз кезегінде форумның өтуіне ұйытқы болған «Ұлағат» клубы төрт жылда атқарған жұмыстарын таныстырды. Бүгінде клуб мүшелерінің арасында студенттер мен оқушылар ғана емес, дәрігерлер, техникалық мамандар, банк қызметкерлері және өзге де кәсіп иелері бар. Түрлі салада еңбек етіп жүрген адамдарды бір ортаға біріктірген ортақ қызығушылық – кітап.

– Біздің ортамызда әртүрлі буын өкілдері бар. Қарағандыда іргелі жоғары оқу орындары орналасқандықтан, жастардың, әсіресе, студенттердің белсенділігі жоғары. Олар өзіне жақын орта тауып, тұлғалық дамуына қажетті алғашқы қадамдарын бізбен бірге жасап келеді. Биыл клубымыздың үшінші толқыны қалыптасты. Екі апта сайын тұрақты кітап талқысын, ай сайын мәдени-танымдық іс-шаралар ұйымдастырамыз. Кейбіреулер әдебиетті тек филологтар мен қаламгерлер ғана талқылайды деп ойлайды. Шын мәнінде, бізде мүлде басқа саланың мамандары да бар. Бәрімізді біріктіретін құндылық – кітап, – дейді Гүлдана Қуатқызы.

Төрт жыл ішінде «Ұлағаттың» тынысы да кеңейген. Әуелде кітап оқып, шығарма талқылауды мақсат еткен орта бүгінде бірнеше бағытта жұмыс жүргізеді. Мәселен, «Ұлағат үні» атты күй ансамблі ұлттық өнерді дәріптесе, «Ұлағат Speaking» бағытының мүшелері ағылшын тілін меңгеруге ден қояды. Ал, «Ұлағат медиа» шығармашылық ізденіске, бейнемонтаж бен мобилографияға қызығатын жастардың басын қосады. «Ұлағат Running» жүгіруді, саламатты өмір салтын насихаттайтын бастама ретінде қалыптасқан.

Клуб мүшелері қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерімен кездесуді де дәстүрге айналдырған. Тұрсын Жұртбай, Төлен Әбдік сынды қабырғалы қаламгерлермен өткен кездесулер жас оқырмандардың әдебиетке қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берген. Бұдан бөлек, «Күй – тарихи жад», «Махаббат бекеті», «Туған жерім – мақтанышым» тәрізді мәдени-танымдық басқосулар, поэзия кештері мен Абай, Мағжан оқулары да клуб жұмысының мазмұнын байыта түсері хақ.

Кітапқа құмар бір адамның айналасына екінші, үшінші оқырманның жиналуы – шағын көрінгенімен, қоғам үшін мәні зор құбылыс. Өйткені, орта қалыптасқан жерде пікір туады, пікір туған жерде ізденіс басталады. Ал, ізденісі үзілмеген ортаның ертеңге ұсынар игілігі де аз болмасы анық. Төрт жылдық белесін аймақаралық форуммен атап өткен «Ұлағат» алдағы уақытта да жаңа бастамаларын жалғастырмақ. Соның бірі – 21 қарашаға жоспарланған «Жапырақтағы жазу» атты поэзия кеші.

Сурет ұйымдастырушылардан

Заң қорғайды, тәртіп талап етеді

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Отбасындағы зорлық-зомбылық жалқыдан жалпыға өтетін, қоғамның қауіпсіздігіне тура әсер ететін күрделі әрі әлеуметтік дерт екенін естен шығармау ләзім. «Қол сынса жең ішінде, бас жарылса, бөрік ішінде» деген соқыр сенімнің соңы бұрымдының бұл өмірден баз кешуіне, баланың жетім қалуына, я мерт болуына әкеп соғып жатқаны ащы ақиқат. Ошақ басындағы жиі сылдырлайтын шыныаяқты тағдырға жауып, жауырды жаба тоқу – жабайылық. Қарағандыда жыл басынан бері барар жер, басар тау таппай көмек сұраған қыз-келіншектер саны мен оларға көрсетілген қолдау түрлері мәселенің күні бүгінге дейін түйіні томардай екенін тағы бір көрсетеді. Бұл орайда «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында құқық қорғау органдары мен әлеуметтік қызметтер тарапынан жәбірленушілерді қорғау, құқық бұзушыларға жауапкершілікті түсіндіру және зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары күшейген. Өкінішке қарай, қоғам әлі бұл қасіреттен арылған жоқ.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кейбір әйелдер «балаларым үшін шыдауым керек», «өзгеріп кетер» деген үмітпен ұзақ уақыт үнсіз жүреді. Біз әрбір азаматқа зорлық-зомбылыққа төзу міндет емес екенін, көмек сұрау әлсіздік емес, өз өмірі мен балаларының қауіпсіздігін қорғау екенін түсіндіреміз.

Зорлық-зомбылық пен отбасылық жанжалдың айырмасы не?

Қарағандыда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсету жүйесі кезең-кезеңімен жетілдірілуде. Десе де, дендеген дерт дес берер емес. Зорлық пен қорлықтан қара ағаштай қатқан қайғылы әйел, қорғаншақ бала баршылық. Мұның бір дәлелі – Отбасына көмек көрсету бірыңғай орталығының жұмысы. 2026 жылдың басынан бері мұнда шамамен 1 884 адамға түрлі бағытта көмек көрсетілген. Оның ішінде тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактілері бойынша 82 өтініш қабылданыпты. 126 адам психологиялық, 132 адам құқықтық көмек алған екен. Сонымен қатар, 63 азамат медиаторға жүгінсе керек.

Көз жасын бұлай отырып, көмек сұрағандардың арасында қауіпсіз баспанаға мұқтаж әйелдер мен балалар да бар. Жыл басынан бері дағдарыс орталықтарына 54 әйел мен 69 бала орналастырылып, 28 адамның жұмысқа тұруына жәрдемдескен. Бұл көрсеткіштердің әрқайсысында бір-бір тағдыр, шешімін күткен мәселе, қамсыз һәм қауіпсіз өмірге деген үлбіреген үміт тұр.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық тек жұдырық ала жүгіруден тұрмайды бүгінде. Оның да бірнеше түрі бар. Олардың қатарында физикалық, психологиялық, экономикалық және жыныстық зорлық-зомбылық кездеседі. Мамандардың айтуынша, өмірде психологиялық қысым жиі.

– Оған қорлау, кемсіту, қорқыту, бақылау, шектеу, үнемі қысым көрсету жатады. Көп жағдайда психологиялық қысым физикалық зорлық-зомбылықпен қатар жүреді. Экономикалық зорлық-зомбылық та аз емес. Мысалы, әйелдің жұмыс істеуіне тыйым салу, ақшасын тартып алу, қаржылық тәуелділікте ұстау. Ең өкініштісі, кейбір азаматтар мұндай әрекеттерді зорлық-зомбылық деп қабылдамайды. Сондықтан, түсіндіру және ақпараттандыру жұмыстары аса қажет, – дейді полиция департаменті жанындағы Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің инспекторы Айзада Досмағамбетова.

Шынында да, тұрмыстық зорлық-зомбылық тән жаралаумен өлшенбейді. Адамды үнемі қорқынышта ұстау, еркіндігін шектеу, жақындарымен араласуына кедергі келтіру, қаржылық мүмкіндігін бақылау да оның құқықтары мен бостандығына қол сұғу болып саналады.

Кей жағдайда мұндай қысым тоқтаусыз жалғасып, физикалық зорлық-зомбылыққа ұласуы мүмкін. Сол себепті, мамандар мәселенің алғашқы белгілеріне назар аударып, оны дер кезінде анықтаудың салмағын ерекше атайды.

Неге әйелдер көмек сұрауға асықпайды?

Қарағандыдағы орталық мамандарының тәжірибесі зорлық-зомбылыққа тап болған азаматтардың барлығы бірдей бірден құқық қорғау органдарына жүгінуге дайын еместігін көрсеткен.

Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, жәбірленуші өзіне күш көрсеткен адамның кек алуынан қорқады. Екіншіден, баспана мен материалдық жағдайға байланысты тәуелділік бар. Әсіресе, кәмелетке толмаған балалары бар әйелдер үшін отбасынан кету оңай шешім емес. Үшіншіден, қоғамдық пікір мен туыстарының көзқарасы да әсер етеді.

– Кейбір әйелдер «балаларым үшін шыдауым керек», «өзгеріп кетер» деген үмітпен ұзақ уақыт үнсіз жүреді. Біз әрбір азаматқа зорлық-зомбылыққа төзу міндет емес екенін, көмек сұрау әлсіздік емес, өз өмірі мен балаларының қауіпсіздігін қорғау екенін түсіндіреміз, – дейді орталық өкілі.

Оның айтуынша, орталыққа келген азаматтардың барлығы бірдей полицияға арыз жазуға бірден келісе бермейді. Мұндай жағдайда мамандар алдымен олардың жағдайын тыңдап, психологиялық қолдау көрсетіп, құқықтары мен заңда көзделген мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Бұл ретте заңнамада тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне ден қоюдың тетіктері қарастырылған. Заңда көзделген негіздер болған жағдайда жәбірленушінің жазбаша арызының болмауы полицияның тиісті шаралар қабылдауына өздігінен кедергі келтірмейді.

Қауіп төнген жағдайда жалғыз қалмайды

Қарағандыда әйелдер мен балаларға арналған уақытша орналастыру орталығы жұмыс істейді. Орталық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен азаматтарды қауіпсіз жерге орналасу мүмкіндігін ұсынады.

Орталық 14 адамға арналған. Мұнда азаматтар екі күннен бір айға дейін уақытша тұра алады. Қажет болған жағдайда оларға психологиялық, заңгерлік және әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Сонымен қатар, Қарағанды облысында тоғыз дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Қалалық деңгейде көмек көрсету жұмыстары осы мекемелермен және полиция қызметкерлерімен бірлесе ұйымдастырылады.

– Біздің Қарағанды облысының полиция департаменті жанындағы Отбасына көмек көрсету бірыңғай орталығы да жәбірленушілерге кешенді көмек көрсетеді. Қажет болған жағдайда полиция қызметкерлерімен және дағдарыс орталықтарымен байланыс орнатып, қауіпсіз жерге орналастыру жұмыстарын ұйымдастырамыз. Ең бастысы – жәбірленуші өзінің жалғыз емес екенін сезінуі керек, – дейді Айзада Досмағамбетова.

Орталықтың жұмысы тек уақытша баспана ұсынумен шектелмейді. Мұнда адамның одан кейінгі өмірін қалыпқа келтіруге де көңіл бөлінеді. Мәселен, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, құжат рәсімдеу, әлеуметтік мәселелерді шешу және құқықтық кеңес беру сынды кешенді қолдауды қамтиды.

Жыл басынан бері 28 адамның жұмысқа орналасуына жәрдем көрсетілуі де осы бағыттағы жұмыстың нәтижесін көрсетеді.

Зорлық-зомбылық фактісі анықталғаннан кейін жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын құқықтық шаралардың бірі – қорғау нұсқамасы.

Ол құқық бұзушыға жәбірленушіні іздеуге, ізіне түсуге, мазалауға, ауызша және телефон арқылы байланысуға, сондай-ақ, заңда көзделген өзге де әрекеттерге тыйым салатын шектеулерді белгілейді.

– Қорғау нұсқамасы берілгеннен кейін полиция қызметкерлері құқық бұзушыға заңда белгіленген шектеулердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, учаскелік полиция инспекторлары профилактикалық жұмыстар жүргізіп, құқық бұзушының тұрғылықты жеріне тексеру жүргізеді. Біздің орталық тарапынан да жәбірленушімен кері байланыс орнатылады. Оның психологиялық жағдайы, қауіпсіздігі, әлеуметтік және құқықтық мәселелері назарда болады. Егер қауіп қайта туындаса, тиісті органдарға жедел хабар беріліп, қосымша қорғау шаралары қарастырылады, – дейді маман.

Демек, қорғау нұсқамасының берілуі мәселенің толық шешілгенін білдірмейді. Оның талаптарының орындалуын бақылау, жәбірленушімен тұрақты байланыста болу және қауіптің қайта туындауына жол бермеу маңызды.

Жазалау ғана емес, қайта құқық бұзудың алдын алу – міндет

«Заң мен тәртіп» қағидатының негізгі міндеттерінің бірі – құқық бұзушылықтың салдарымен күресіп қана қоймай, оның алдын алу. Бұл тұрмыстағы зорлық-зомбылық мәселесіне де тікелей қатысты.

Қарағандыда осы бағытта құқық бұзушылармен профилактикалық жұмыс жүргізіліп, олардың мінез-құлқын өзгертуге бағытталған психологиялық қолдау шаралары қолға алынған.

Біздің Қарағанды облысының полиция департаменті жанындағы Отбасына көмек көрсету бірыңғай орталығы да жәбірленушілерге кешенді көмек көрсетеді. Қажет болған жағдайда полиция қызметкерлерімен және дағдарыс орталықтарымен байланыс орнатып, қауіпсіз жерге орналастыру жұмыстарын ұйымдастырамыз. Ең бастысы – жәбірленуші өзінің жалғыз емес екенін сезінуі керек.

Мәселен, 2026 жылы отбасылық-тұрмыстық салада құқық бұзушылық жасаған 12 азамат Отбасына көмек көрсету бірыңғай орталығында психологтардың көмегімен ерікті түрде түзету курсынан өткен. Мұндай жұмыс азаматтардың өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауына, ашу-ызасын басқаруына және отбасындағы жанжалдардың қайталануына жол бермеуге бағытталған.

– Біздің жұмысымыздың басты бағыты – тек орын алған жағдайға әрекет ету емес, зорлық-зомбылықтың қайталануына жол бермеу. Осы мақсатта жәбірленушілерге жеке психологиялық және құқықтық көмек көрсетіледі. Зорлық-зомбылық жасаған азаматтармен де профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Олардың мінез-құлқын түзету, ашу-ызаны басқару және отбасылық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне назар аударылады, – дейді орталық өкілі.

Сонымен қатар халық арасында ақпараттық-түсіндіру кездесулері, дөңгелек үстелдер, семинарлар мен профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл жұмыстардың мақсаты – тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттырып, зорлық-зомбылықтың алғашқы белгілерін дер кезінде тануға үйрету.

Мамандардың пікірінше, бұл бағыттағы нәтиже полицияның, психологтардың, заңгерлердің, әлеуметтік қызметкерлердің және дағдарыс орталықтарының өзара үйлесімді жұмысына байланысты.

Заң алдындағы жауапкершілік күшейді

Елімізде соңғы жылдары отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнамалық шаралар да күшейтілді. 2024 жылғы 15 сәуірде қабылданған заңнамалық өзгерістер аясында ұрып-соғу және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру үшін қылмыстық жауапкершілік қайта енгізілді. Қылмыстық кодекске 108-1 және 109-1-баптары қосылды.

Бұл өзгерістер тұрмыстағы зорлық-зомбылықты жай ғана отбасылық кикілжің ретінде қарастыруға болмайтынын көрсетті. Әрбір құқық бұзушылыққа заң аясында баға беріліп, кінәлі адам жауапкершілікке тартылуы тиіс.

Қарағандыдағы профилактикалық жұмыстар да осы талаптармен сабақтасып жатыр. Бір жағынан, жәбірленушілердің құқығы қорғалса, екінші жағынан, құқық бұзушылардың жауапкершілігі мен заң талаптарын сақтау міндеті түсіндіріледі.

Дегенмен, мамандар үшін ең маңызды көрсеткіш тек тіркелген өтініштердің азаюы емес. Негізгі мақсат – зорлық-зомбылықтың алдын алу, қауіп төнген адамды дер кезінде қорғау және отбасындағы қауіпсіз ортаны қалыптастыру.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес тек полицияның немесе әлеуметтік қызметтердің міндеті емес. Оның қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін естен шығармау керек. Көршінің бейжай қалмауы, туыстардың жәбірленушіні кінәламай қолдауы, азаматтардың заңды білуі және көмек сұраудан қорықпауы қауіпсіз қоғам қалыптастырудың шарттары еккенін мықтап білген абзал.

Қарағандыдағы Отбасына көмек көрсету бірыңғай орталығының тәжірибесі де бір ғана шарамен мәселені шешу мүмкін еместігін көрсетеді. Жәбірленушіге психологиялық қолдау, құқықтық кеңес, қауіпсіз баспана және әлеуметтік көмек қатар қажет. Ал, құқық бұзушыға заңда белгіленген жауапкершілік жүктеліп, қайталама әрекеттердің алдын алу жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Қалай болғанда да, отбасындағы зорлық-зомбылықты үнсіздікпен жеңу әсте мүмкін емес. Әрбір адамның өмірі мен денсаулығы, ар-намысы мен құқығы қорғалуы керек. «Заң мен тәртіп» қағидатының шынайы мәні де осы. Өйткені, отбасы қорқыныш пен үрей кеулеген үй болмауы керек. Одан құрметтің мекені екені аңғарылуы шарт.

ҚАРАҒАНДЫ

Қауіпсіздік кепілі не?

Қарағандыда «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясында құқық бұзушылықтың алдын алу, жастардың құқықтық сауаттылығын көтеру және қоғамдық қауіпсіздікті нығайту бағытында жұмыстар жүйелі. 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы іске асыруда Қарағанды қаласында құқық қорғау органдары түрлі алдын алу акциялары, құқықтық-ағартушылық кездесулер мен жастар форумдарын ұйымдастырып, заңға құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыруға басымдық беріп отыр.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғамдағы заң үстемдігін қамтамасыз ету тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – әрбір азаматтың жауапкершілігі мен ортақ мүддесі. Ал «Заң мен тәртіп» идеологиясының негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру, заң талаптарын құрметтейтін әрі өз әрекетіне жауап бере алатын ұрпақ тәрбиелеу.

Осы бағытта жыл басынан бері Қарағандыда кәмелетке толмағандар мен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға арналған бірқатар кешенді шара жүзеге асырылды.

Атап айтқанда, бірнеше рет өткен «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» акциясының негізгі диттегені – жасөспірімдер қылмысының жолын кесу, балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру және заң талаптарын түсіндіру. Сонымен қатар, «Жастардың құқықтық сауаттылығы» атты білім беру жобасы аясында оқушылар мен студенттерге арналған дәрістер, семинарлар және түсіндіру кездесулері өткізілді. Мұндай басқосуларда жастардың құқықтары мен міндеттері, заң алдындағы жауапкершілік, құқық бұзушылықтың салдары туралы кеңінен айтылды.

«Заң көшеде» аталған алдын алу акциясының аясында қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау, құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу және жастар арасында заңдылық қағидаттарын насихаттау жұмыстары жүргізілді. Өйткені, құқықтық сауаттылық қана қауіпсіз болашақтың негізін қалайды.

Жастарға заң талаптарын құрғақ түсіндіруден гөрі оның өмірдегі маңызын нақты мысалдар арқылы ұғындырудың мәні зор. Осыны ескерген Жедел-криминалистикалық басқармасының «Тергеу сенен басталады» танымдық акциясы кәмелетке толмағандардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды, құқыққа қайшы әрекеттерден аулақ етуді мақсат тұтты.

Мұндай бастама кейінірек «Криминалистика құпиясыз» деген атаумен жалғасын тапты. Іс-шара барысында жасөспірімдер криминалистика саласының ерекшеліктерімен танысып, құқық қорғау органдарының қызметі туралы мол мағлұмат алды. Кездесулер жастардың заңға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, әрбір әрекеттің құқықтық салдары болатынын түсінуге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

«Өскелең ұрпақтың қауіпсіздігі – ел болашағының берік іргетасы» тақырыбындағы кездесуде Қарағанды қалалық полиция басқармасының басшылығы, жалпы білім беретін мектептер мен колледж директорлары, әкімдік, прокуратура және білім бөлімінің өкілдері жасөспірімдер арасындағы буллинг, киберқылмыс және нашақорлықтың алдын алу мәселелерін де талқылады. Сондай-ақ, мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдарының өскелең ұрпақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы өзара іс-қимылын жетілдіру мәселесіне назар аударылды.

Себебі, баланың қауіпсіз ортасын қалыптастыру – үштіктің, яғни, отбасы, мектеп және қоғамның ортақ міндеті. Ал оның алдын алу жұмыстары жүйелі әрі бірлескен сипатта өрістегенде ғана нәтиже бермек.

Бұл – үздіксіз жүргізілуі тиіс ортақ жұмыс. Әсіресе жас ұрпақтың заңды білуі, өз құқығы мен міндетін түсінуі, өзгенің құқығына құрметпен қарауы – құқықтық мемлекет құрудың маңызды шарттарының бірі.

Өйткені, тәртіп бар жерде тұрақтылық, заңға құрмет бар жерде сенім болады. Ал, қауіпсіз қоғамның негізі – заңды құрметтейтін, жауапкершілікті сезінетін азаматтар.

ҚАРАҒАНДЫ

Құрыш қала: жаңғырудың жаңа кезеңі

Теміртау – қазақ өнеркәсібінің қарашаңырағы. Бүгінде мұндағы металлургия комбинатында бұрын-соңды болмаған ауқымдағы тарихи жаңғыру жұмыстары жүріп жатыр. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасы. Осы орайда «Qarmet» кәсіпорны тек өндірістік қуаттылықты арттырып қана қоймай, экологиялық қауіпсіздік, еңбек қорғау және қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын түбегейлі жақсарту бағытында кешенді жобаларды қолға алды. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы жаңартылмаған алып агрегаттар ауыстырылып, өндіріс процесіне цифрлық технологиялар енгізілуде. Құрыш қаладағы бүгінгі қызу тірлік – отандық металлургияның жаңа сапалы деңгейге көтеріліп келе жатқанының айқын көрінісі.



Назар ӘЛІ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Болат балқыту мен прокат шығарудағы серпін

Комбинат алдында тұрған ең үлкен міндеттердің бірі – өнім сапасын жаңа деңгейге көтеріп, ішкі және сыртқы нарықты толық қамтамасыз ету. Бұл орайда №3 болат өңдеу машинасын қайта жаңғырту жұмыстарының маңызы зор. Жобалық қуаттылығы жылына 1,2 миллион тоннаны құрайтын бұл машина арматура мен жазық прокат өндіруге бағытталған. Өндіріс барысында болат құю цехының әрқайсысы 300 тонналық қазандықтарынан келіп түсетін сұйық болатты құюға орта есеппен бір сағат уақыт жұмсалады. Алынған болат құймаларының ені 770-тен 1520 миллиметрге дейін жетсе, олар 9,5 метрге дейінгі өлшемде кесіліп, №1 сортты прокат цехына жөнелтіледі.

– Бүгінде комбинат алдында өндіріс тиімділігін арттыру және өнім сапасын жаңа деңгейге көтеру бойынша ауқымды міндеттер тұр. Соның ішіндегі маңызды қадамдардың бірі – №3 болат машинасын қайта жаңғырту. Жаңа мердігер ұйыммен келісімшарт бекітіліп, бұл бағыттағы жұмыстар нақты жолға қойылды. Аталмыш жобаның іске қосылуы екі сортты прокат цехын – ескі және жаңа цехтарды тұрақты түрде сапалы өнімдермен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біз тек ішкі қажеттілікті жауып қоймаймыз, бұл жаңғырту бізге нарыққа қосымша тауарлық өнім шығаруға жол ашады. Технологиялық үдерістерді жетілдіру арқылы комбинаттың әлеуетін арттыруды жүйелі түрде жалғастыра береміз, – дейді «Qarmet» болат департаментінің директоры Андрей Берг.

Бұған қоса, халықаралық тәжірибесі бар «CERI» компаниясының қатысуымен жаңа сортопрокат кешенінің құрылысы қарқын алды. Жылдық жобалық қуаттылығы 540 мың тоннадан асатын бұл үлкен сұранысқа ие А600 және А1000 класты жоғары берік арматураларды, бұрыштықтар мен швеллерлерді шығаруға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде алаңға 1,5 мың тоннадан астам металл конструкциялары мен арматура жеткізіліп, 11 көпірлік кранды орнату жұмыстары жүріп жатыр.

Машина жасаудағы белес

Комбинаттың көшбасшы бөлімшелерінің бірі – ыстықтай мырыштау және алюминий цехы. Мұнда 456 кәсіби маман еңбек етеді. Үш бірдей заманауи желінің үйлесімді жұмысының арқасында жылына 700 мың тоннадан астам дайын өнім шығарылады. Зауыттың өндірістік мүмкіндігіне келсек: металды дат басудан қорғайтын негізгі мырыштау агрегаты (АНГА) жылына 320 мың тонна өнім шығарса, екінші мырыштау желісі (ЛНГЦ) 300 мың тоннаға дейін металл өңдейді. Ал, осы металдардың бетін түрлі-түсті бояумен (полимермен) қаптайтын цех жылына 100 мың тонна дайын өнім беруге қабілетті.

Бұл өнімдердің ел экономикасына қосар үлесі орасан. Отандық машина жасау кәсіпорындарымен әріптестік жаңа деңгейге көтерілді. Комбинат шығаратын 08ПС және 08КП маркалы мырышталған болат бүгінде Саран қаласындағы «QazTehna» зауытында Yutong автобустарын құрастыруға тікелей пайдаланылып отыр. Әсіресе, былтыр іске қосылған 1100 тонналық гидравликалық штамптау пресінің арқасында автобустардың шанақ элементтерін өзімізде жасауға жол ашылып, жергілікті өнім үлесі 11 пайыздан артты.

65 жылдан кейінгі жаңа кокс батареялары

Кәсіпорындағы ең ауқымды мегажобалардың бірі – соңғы 65 жылда алғаш рет жаңадан салынып жатқан №8 және №9 кокс батареялары. Бұл жоба Үкімет басшысы Олжас Бектенновтің Қытайға сапары барысында жасалған келісім негізінде, «Қазақстан даму банкінің» қаржылық қолдауымен жүзеге асуда. Бас мердігер – әлемдік кокс өндірісінің көшбасшысы «ACRE» компаниясы.

– Зауыттағы барлық қолданыстағы кокс батареялары өткен ғасырдың 60-70 жылдары салынған. Иә, оларға жөндеу жүргізілді, бірақ заманауи талаптарға сай нөлден бастап, жаңа батарея салу – Қазақстанда бұрын-соңды болмаған масштабтағы қадам. Жаңа кокс батареялары – өндірістегі жүздеген операцияны атқаратын аса маңызды агрегаттар. Олардың құрылысы өнімнің өзіндік құнына, экологияға және кәсіпорынның болашағына тікелей әсер етеді. Қыс мезгілінде де жұмысты тоқтатпау үшін біз уақытша жылыжай орнаттық. Алаңға әкелінген арнайы бетон 300 градусқа дейінгі жоғары температураға төтеп береді. Бұл – бізге сенімділік сыйлайтын нағыз стратегиялық шешім, – дейді кәсіпорынның күрделі құрылыс директоры Алексей Сидоренко.

Жаңа кешеннің қуаттылығы жылына 1,5 миллион тонна құрғақ кокс өндіруге жетеді. Екі батареяның ортасында биіктігі 35 метрлік көмір мұнарасы бой көтерсе, іргетасы қаланып жатқан алып түтін құбырының биіктігі 170 метрге жетеді. Келер жылы бұл кешен толық іске қосылғанда, ескірген №1-4 батареялар кезең-кезеңімен жұмыстан шығарылып, өңірдің экологиялық ахуалы айтарлықтай жақсарады.

Жеті жүз метр тереңдіктегі бақылау

Өндіріс көлемі қаншалықты маңызды болса, кеншілердің қауіпсіздігі одан да жоғары тұрады. Осы мақсатта Бұқар жырау даңғылындағы бас ғимаратта аумағы 80 шаршы метрлік бірыңғай диспетчерлік-аналитикалық орталық іске қосылды. Мұнда 15 білікті маман тәулік бойы 8 жер асты шахтасы мен 4 үстіңгі кәсіпорынның жұмысын жіті бақылайды.

Қарағанды көмір департаментінің техникалық директоры Сергей Шуберский бұл орталықты «кәсіпорынның жүрегі» деп бағалап, жүйенің артықшылықтарын атап өтті.

– Бұл жерден біздің құрылымызға кіретін барлық 12 кәсіпорынның жұмысы басқарылады. Жүйенің арқасында біз шахтаішілік қауіпсіздікті қатаң бақылауда ұстаймыз. Жер астында жүрген адамдардың санын және олардың нақты қай жерде жүргенін 10 метр дәлдікпен

Комбинат шығаратын 08ПС және 08КП маркалы мырышталған болат бүгінде Саран қаласындағы «QazTehna» зауытында Yutong автобустарын құрастыруға тікелей пайдаланылып отыр. Әсіресе, былтыр іске қосылған 1100 тонналық гидравликалық штамптау пресінің арқасында автобустардың шанақ элементтерін өзімізде жасауға жол ашылып, жергілікті өнім үлесі 11 пайыздан артты.

АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

көріп отырамыз. Мысалы, дәл қазір Костенко шахтасының өзінде жер астында 67 адам, ал, үстіңгі бетте 48 адам бар екенін, олардың нақты 73-ші аумақта жүргенін дөп басып айта аламыз. Әрбір жұмысшыға арнайы шам мен тасымалданатын газоанализатор бекітілген. Экраннан қызметкердің аты-жөнін, табельдік нөмірін көреміз. 700 метрден астам тереңдікте жүрген кеншілермен армафондар арқылы тікелей байланысқа шығамыз. Егер адамның жағдайы нашарласа, ол шамдағы «SOS» түймесін басады. Сигнал дереу келіп түседі де, құтқару бригадасы шұғыл аттанады. Тіпті, адамдарды тасымалдауға арналмаған конвейерге біреу түсіп кетсе, жүйе оны дереу анықтап, лентаны автоматты түрде тоқтатады», – деді ол.

Шаһарға қамқорлық

«Qarmet» үшін қала мен комбинат – бөліп қарауға келмейтін тұтас ұғым. Сондықтан, кәсіпорын өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосып келеді. Ұзақ жылдар бойы қараусыз қалған аумағы 7 гектарлық «Qarmet Park» толықтай қалпына келтіріліп, тұрғындар игілігіне берілді. Үш кезеңмен жүрген жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде мұнда жасанды тоғандар, халықаралық стандарттағы баскетбол корты, воркаут алаңдары мен заманауи демалыс орындары бой көтерді. Қазірдің өзінде саябақ мыңнан астам адам қатысқан «Qarmet Run 2026» марафоны мен «Kia Basketball Fest» сияқты қалалық ауқымды шаралардың орталығына айналды.

Сондай-ақ, теміртаулықтар үшін ең үлкен тарихи қуаныш – қалалық трамвайдың қайтадан рельске оралуы. 2023 жылдың ақпанында тоқтап қалған қозғалысты жандандыру үшін кәсіпорынның қолдауымен жалпы ұзындығы 30 шақырымдық теміржол ауыстырылды. 8 жаңа заманауи вагон сатып алынып, алғашқы сынақ рейсі 2024 жылдың 1 қазанында сәтті өтті. «Onay» жүйесі қосылған трамвайлар бүгінде бекітілген кестемен тұрақты жүріп тұр, ал, комбинат қызметкерлері үшін жол жүру тегін.

Түйіндей айтқанда, «Qarmet» кәсіпорнында жүріп жатқан ауқымды өзгерістер – бұл тек техника мен технологияны жаңарту емес, тұтас өндірістік мәдениеттің соны серпіні. Ескірген инфрақұрылымнан арылып, сандық жүйеге көшу, кеншілер қауіпсіздігін алдыңғы орынға қою және жергілікті өндіріс үлесін арттыру – Теміртаудың ғана емес, отандық өнеркәсіптің болашағына салынған мықты инвестиция. Алып комбинаттың жаңа тынысы құрыш қаланың еңсесін тіктеп, ел экономикасының берік тірегі ретіндегі тарихи миссиясын қайта жаңғыртып келеді.

ТЕМІРТАУ

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Іскерлікте іркіліс жоқ

Мемлекеттік мекеме сатып алатын әрбір тауарда кәсіпорынға тапсырыс, жұмысшыға жалақы, жергілікті бюджетке салық түсімі тұр. Әйткенмен, қазына қаржысына алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бәрі бірдей отандық өндірушінің еншісіне тие бермейді. Әсіресе, өндірісін енді өрістеткен шағын кәсіпорындар үшін мемлекеттік сатып алу нарығында орнығу оңай емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында осы мәселеге арнайы тоқталып, шағын және орта бизнестің мемлекеттік сатып алуларға қатысу мүмкіндігін кеңейтуді тапсырды. Ендеше, бұл бастама жергілікті кәсіпорындарға қаншалықты тиімді? Қарағандының өндірістік әлеуеті осы мүмкіндікті пайдалануға қаншалықты дайын?

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіптің көзін тауып, өндірістің іргесін қалау бір бөлек те, шығарған өнімге тұрақты нарық қалыптастыру бір бөлек. Әсіресе, бастапқы кезеңдегі шағын кәсіпорын үшін тапсырыстың тұрақтылығы маңызды. Себебі, өндіріс көлемін жоспарлау, шикізат қорын толықтыру, жұмысшылардың еңбекақысын төлеу және жаңа жабдық сатып алу мәселелері өнімнің өтімділігімен тікелей байланысты.

Мемлекет басшысы «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы салмағын атап өтіп, оны одан әрі дамытуға қатысты нақты міндеттер қойды. Президент келтірген мәліметке сүйенсек, бүгінде аталған саланың жалпы ішкі өнімдегі үлесі 40 пайызға жеткен. Ал, негізгі капиталға тартылған инвестициядағы үлесі 70 пайызға жақындап келеді. Дегенмен, кәсіпкерлердің үштен бірінен астамы сауда саласында шоғырланған. Сондықтан, бизнестің құрылымын әртараптандырып, өндірістік бағыттағы кәсіпорындарды көбейту қажеттігі туындап отыр.

– Сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің бір бөлігін шағын және орта кәсіпорындардың еншісіне қалдыруға болады, – деді Мемлекет басшысы Жолдауында.

Президент сондай-ақ, өнім жеткізушілерге қойылатын талаптарды жұмсартып, кәсіпкерлер үшін тұрақты әрі түсінікті бәсекелестік жағдайын қалыптастыру қажеттігін атап өтті. Бұл ұсыныстың мәні – мемлекеттік тапсырысқа қатысатын кәсіпорындардың қатарын көбейтіп қана қоймай, олардың нарыққа шығуына кедергі келтіретін артық талаптарды азайту.

Әрине, шағын бизнесті мемлекеттік сатып алуға қатыстыру тетіктері бұған дейін де енгізілген. Атап айтқанда, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап, күшіне енген жаңа заңнамалық тәртіп аясында құны 50 мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын белгілі бір тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алудың басым құқығы қарастырылған. Тиісті тәртіптің қолданылу аясы мен ерекшеліктері Қаржы министрлігінің нормативтік құжаттарында нақтыланған.

Алайда, заң жүзіндегі мүмкіндік пен оның іс жүзіндегі нәтижесі бірдей емес. Кәсіпорынның конкурсқа қатысуы үшін қажетті құжаттарды рәсімдеуі, өнім сапасына қойылатын талаптарды орындауы, белгіленген мерзімде жеткізуді қамтамасыз етуі және жеткілікті айналым қаражаты болуы маңызды. Әсіресе, өндірісі енді қалыптасқан шағын бизнес үшін осы міндеттердің бірнешеуін қатар атқару елеулі дайындықты қажет етеді.

Республика көлеміндегі көрсеткіштер мемлекеттік сатып алу нарығының ауқымын аңғартады. Қаржы министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемі 8,1 трлн теңгеге жеткен. Ал, отандық тауар өндірушілермен жасалған келісімшарттардың сомасы 456 млрд теңгені құрап, бір жыл ішінде шамамен 23 пайызға артқан.

Өндірістік әлеуеті жоғары Қарағанды облысы үшін де бұл мәселенің маңызы айрықша. Облыста шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 102 мыңға жетіп, осы салада 236 мың адам еңбек еткен. Жыл ішінде екі мың кәсіпкерлік жобаға 65,4 млрд теңге көлемінде мемлекеттік қолдау көрсетілген.

Отандық өндірістің өрісін кеңейтуде кәсіпкерге қаржылай қолдау көрсетумен қатар, оның өніміне тұрақты сұраныс қалыптастырудың маңызы зор. Әсіресе, өнеркәсібі өркендеген Қарағанды облысында шағын және орта кәсіпорындарды ірі өндірістік жобаларға тартудың мүмкіндігі мол. Бұл ретте мемлекеттік сатып алулармен бірге іргелі компаниялардың тапсырыстары да жергілікті бизнестің дамуына ықпал ете алады.

Өңірдегі кәсіпкерлік әлеуеті мұндай бастамаларға негіз бола алады. Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы ұсынған мәліметке жүгінсек, биылғы қаңтар-тамыз айларының қорытындысында 94 913 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеген. Ал, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3,7 трлн теңгеден асып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,7 пайызға артқан. Бұл көрсеткіштер өңір экономикасында өндіріс пен кәсіпкерліктің елеулі орын алатынын аңғартады.

КӘСІПКЕРЛІК

Өңір кәсіпорындары өнім жеткізу бойынша жалпы сомасы 340 млрд теңгеге жуық ұзақмерзімді келісімшарттар жасасқан. Әсіресе, Qarmet компаниясымен арадағы өндірістік байланыс кеңейіп келеді.

Биыл металлургиялық компаниямен жасалған меморандум аясында облыстағы 58 кәсіпорынға жалпы сомасы 100 млрд теңгеге тапсырыс орналастыру көзделген. Бірінші жартыжылдықтың өзінде 65,5 млрд теңгенің өнімі жеткізілген.

Құттықтау



Құрметті асыл әке, қадірлі жар, қамқор ата – **Жанат Қасенович ОРАЗОВ!**

Сізді 63 жасқа толған мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Өміріңіздің бір белесін абыроймен еңсеріп, лайықты зейнет демалысына шығып отырсыз. Еңбек еткен жылдарыңызда үлкен тәжірибе жинап, адамдардың құрметіне бөлендіңіз.

Айналаңызға сыйлы, отбасыңызға тірек болып келесіз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық пен шаңырағыңызға шаттық тілейміз. Әрбір атқан таңыңыз қуаныш пен береке әкелсін, немере-шөберелеріңіздің қызығына тоймай, ортамызда аман-есен жүре беріңіз!

Ізгі тілекпен: жолдасыңыз – **Құралай, балаларыңыз, немерелеріңіз!**

№390

Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2026 жылдың 23 желтоқсан күні сағ. 11:00-де **2027-2029 жылдар кезеңіне арналған Хаджиконган ашық кенішін уақытша консервациялау жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, 2027-2029 жылдар аралығындағы жұмысты уақытша тоқтату кезеңінде «Хаджиконган» ашық кеніші үшін атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН), 2027-2029 жылдар аралығындағы уақытша консервациялау кезеңінде «Хаджиконган» кен орнындағы булану тоғанына түсетін ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген төгінділері (ШРЕТ) жобасы, 2027–2029 жылдар аралығындағы уақытша консервациялау кезеңінде «Хаджиконган» кен орнындағы қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ)», 2027-2029 жылдар аралығындағы өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары, 2027-2029 жылдар аралығындағы қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары** бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулардың келесі мекенжайда өткізілетінін хабарлайды: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Шешенқара ауылы, Пискунов көшесі,46А, Мәдениет үйі ғимараты.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Шешенқара ауылы.

Онлайн видеоконференц-байланысқа сілтеме: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-en/j.php?MTID=m9d9811e5abdd367911aae210de6a6f03

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 2515 571 8705

Жиналыс құпия сөзі: 123456zZ

Учаскенің географиялық координаталары:

№	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	49°50′49,97″	73°59′44,69″
2	49°49′23,95″	73°56′12,66″
3	49°51′41,04″	73°53′59,52″
4	49°53′07,12″	73°57′31,65″

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Бесбаева М.М., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС сарапшысы, тел.8(7172)557665 (ішкі нөмер 10894), эл.мекенжайы: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары келесі сайттарда орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz және www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kz

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей https://ndbecology.gov.kz сілтемесі бойынша, эл. мекенжайы expertiza.upr_krg@mail.ru және Қарғанды облысы, Қарағанды қ., Лобода көшесі 20, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»» ММ пошталық мекенжайы бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ, белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл.мекенжайы бойынша және тел. нөм.: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) арқылы сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі.

Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате открытых собраний 23 декабря в 11:00 часов по следующим проектам: **раздел «Охрана окружающей среды» к «Проекту временной консервации карьера «Хаджиконган» на период с 2027г. по 2029г.», проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу (НДВ) для карьера «Хаджиконган» в период временной консервации на 2027-2029 годы, проект нормативов допустимых сбросов (НДС) загрязняющих веществ, поступающих в пруд-испаритель месторождения «Хаджиконган» разработан на период временной консервации с 2027 по 2029 годы., программу управления отходами (ПУО) для карьера «Хаджиконган» в период временной консервации на 2027-2029 годы , программа производственного экологического контроля на период 2027-2029 годы, план мероприятий по охране окружающей среды на 2027-2029 годы** по адресу: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, сельский округ Шешенкара, ул.Пискунова, 46А, здание Дома культуры.

Территория воздействия: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, сельский округ Шешенкара.

Ссылка на онлайн видеоконференц-связь: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-en/j.php?MTID=m9d9811e5abdd367911aae210de6a6f03

Номер совещания (код доступа): 2515 571 8705

Пароль совещание: 123456zZ

Географические координаты участка:

№	Северная широта	Восточная долгота
1	49°50′49,97″	73°59′44,69″
2	49°49′23,95″	73°56′12,66″
3	49°51′41,04″	73°53′59,52″
4	49°53′07,12″	73°57′31,65″

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., эксперт ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7172) 557665 (вн.10894), эл.адрес: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: https://ndbecology.gov.kz и www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru .

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке https://ndbecology.gov.kz, на эл.адрес: и почтовый адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru Карагандинская область, г.Караганда, ул.Лободы 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и по номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

к

Тозған жолға тың тыныс

Теміртауда жылдар бойы жөндеу көрмеген көшелер жаңарып, тұрғындардың жүріп-тұруына қолайсыздық туғызған жол мәселелері біртіндеп шешімін тауып келеді. Биыл қалада жалпы ұзындығы 17,2 шақырым болатын автомобиль жолдарын жөндеу жоспарланған. Соның нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 71,4 пайыздан 73,9 пайызға дейін артады деп күтілуде. Бұл – жол инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған кешенді жұмыстың бір нәтижесі. Әсіресе, инженерлік коммуникациялардың құрылысы мен қайта жаңғыртылуына байланысты ұзақ уақыт жөнделмей келген көшелерге назар аударылуы маңызды. Алдағы жылы да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, қаланың көше-жол желісін кезең-кезеңімен жаңарту көзделіп отыр.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Қаланың көркі ең алдымен оның көшелерінен көрінеді. Тегіс жол, жарықтандырылған даңғыл, жаяу жүргіншіге ыңғайлы тротуар мен абаттандырылған қоғамдық кеңістік тұрғындардың күнделікті тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан, Теміртауда кейінгі жылдары қолға алынған ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу жұмыстары тек жол төсемін жаңартумен шектелмей, қалалық ортаны кешенді жақсартуға бағытталып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, қаланың басты күретамырының бірі – Металлургтер даңғылын күрделі жөндеу айрықша мәнге ие. Ұзындығы 2,93 шақырым болатын даңғылды жаңғырту жұмыстары 2024 жылы басталған еді. Жобалық-сметалық құны 9 миллиард 923,1 миллион теңгені құрайтын ауқымды жобаны жүзеге асыру «Көкшетауавтожол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жүктелген.

Бүгінге дейін мердігер ұйым бірқатар маңызды жұмысты атқарды. Атап айтқанда, даңғылдың жол төсеміне асфальт төселіп, гранит жиектастар орнатылды. Жауын-шашын суын бұруға арналған нөсерлік кәріз жүйесі жасалып, бағдаршамдар қойылды. Жаяу жүргіншілер аймағы ішінара ретке келтіріліп, даңғылдың орталық жасыл белдеуіне жиектастар орнатылды. Сонымен қатар, бульвар бөлігінде велосипед жолы салынып, бульвар мен тұрғын үйлердің айналасы жарықтандырылды.

Мұндағы мақсат – көлік қозғалысын жеңілдетумен қатар, тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада жүріп-тұруына жағдай жасау. Сондықтан, жобада балалар ойын алаңдарын, қозғалысы шектеулі азаматтарға арналған арнайы алаңдарды, көше тренажерлері мен спорт кешендерін орнату да қарастырылған. Яғни, күрделі жөндеу аяқталған кезде Металлургтер даңғылы көлік қатынасына қызмет ететін жол ғана емес, тұрғындардың серуендеп, тынығуына, спортпен шұғылдануына мүмкіндік беретін қоғамдық кеңістікке айналуға тиіс.

Әрине, мұндай ауқымды жобаны жүзеге асыру бір күннің шаруасы емес. Алда даңғылдың тұрғын үйлер орналасқан бөлігінде тіреу қабырғаларын тұрғызу, үйлердің айналасындағы тротуарлардың негізін дайындау, инженерлік коммуникациялар жөнделгеннен кейін жаяу жүргіншілер жолдарын қалпына келтіру секілді жұмыстар бар. Жоба аясындағы барлық белгіленген жұмысты 2027 жылдың маусым айында толық аяқтау жоспарланған.

Теміртауда жол жөндеу жұмыстары Металлургтер даңғылымен шектелмейді. Қаланың өзге көшелерінде де қозғалыс қауіпсіздігін арттыру, жолдың тозған бөліктерін қалпына келтіру және көлік қатынасын жақсарту мақсатында жүйелі шаралар қабылдануда.

Биылғы орташа жөндеу жұмыстары – 2025 жылы басталған істің заңды жалғасы. Осы мақсатта жасалған жоспарға қаланың көлік қозғалысы қарқынды магистральдары да, шағын көшелері мен тұрғын үй секторына апаратын жолдар да енгізілген.

Мәселен, Республика даңғылының Қарағанды көшесінен Металлургтер даңғылына дейінгі 2,6 шақырымдық бөлігі жөндеу нысандарының қатарынан орын алды. Сондай-ақ, Абай көшесінің батыс өнеркәсіп аймағындағы 1,23 шақырым жолын және осы көшенің Металлургтер даңғылынан Ш.Уәлиханов көшесіне дейін созылатын 2,112 шақырымдық бөлігін жаңарту қарастырылды.

Қаланың негізгі көлік артерияларының бірі – Бейбітшілік даңғылы да назардан тыс қалған жоқ. Оның Сарыарқа көшесінен Теміртау көшесіне дейінгі ұзындығы 2,42 шақырым болатын учаскесі орташа жөндеу жоспарына енгізілді. Бұған қоса, Шиллер көшесінің 0,335 шақырымы мен Отрадное елдімекеніндегі 0,27 шақырым жолды жөндеу де осы жұмыстардың аясында қамтылды.

Жол сапасын жақсарту мәселесі білім беру ұйымдары орналасқан аумақтар үшін де маңызды. Осыған орай №17 мектеп маңындағы Лебедев көшесінің 0,255 шақырымдық бөлігі жөнделетін нысандар тізіміне енді. Ал, Теміртау қаласының Бейбітшілік даңғылынан Абай көшесіне дейінгі 0,566 шақырым жолын қалпына келтіру қаланың осы бөлігіндегі көлік қатынасын жақсартуға бағытталды.

Жөндеу жұмыстары Ш.Уәлиханов көшесінің 0,6 шақырымдық бөлігін, Тәуелсіздік бульварының 0,53 шақырымын және жеке секторға өтетін Восточная көшесінің 0,621 шақырымын да қамтыды. Сонымен бірге, Сарыарқа көшесінде ұзындығы 1,7 шақырым болатын тротуар салу жұмыстары орындалды.

Мұндай жұмыстардың маңызын тек жаңартылған асфальттың көлемімен өлшеуге болмайды. Сондықтан, әрбір учаскедегі жөндеу жұмысы сол аумақтың ерекшелігі мен тұрғындардың күнделікті қажеттілігі ескеріле отырып жүргізіледі.



Орташа жөндеу бағдарламасы аясында Крупская көшесінің 1,742 шақырымдық бөлігі де қамтылған. Бұған қоса, Брусиловский көшесінің Бейбітшілік бульварынан Абай көшесіне дейінгі 0,6 шақырым жолында тиісті жұмыстар қарастырылды.

Осылайша, 2026 жылы қалада жөндеумен қамтылуға тиіс автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 17,2 шақырым. Жүргізілген шаралардың нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесін бұрынғы 71,4 пайыздан 73,9 пайызға дейін жеткізу көзделіп отыр. Бұл көрсеткіш қала жолдарының техникалық жағдайын біртіндеп жақсартуға бағытталған жұмыстың нақты нәтижесін айқындайды.

Алдағы жылға белгіленген міндеттер де ауқымды. Атап айтқанда, 2027 жылы Ватутин көшесінің 0,605 шақырымдық және Төлеубаев көшесінің 1,880 шақырымдық бөліктерін жөндеу жоспарланған. Сондай-ақ, Сегізінші шағынаудандағы Бейбітшілік бульварынан қаланың жаңа жолына дейінгі 0,452 шақырым жолды қалпына келтіру көзделіп отыр.

Келер жылғы жұмыстардың қатарында Лисовенко көшесінің 1,1 шақырымы да бар. Бұдан бөлек, Брусиловский көшесінің Абай көшесінен Чернышевский көшесіне дейінгі 0,8 шақырымдық және Бейбітшілік көшесінен Космонавтар көшесіне дейінгі 1,24 шақырымдық бөліктерін жөндеу қарастырылған. Ал, Озерная көшесінде ұзындығы 1,319 шақырым болатын жол учаскесін жаңарту міндеті тұр.

Көшелер өтпелі нысандар ретінде бұған дейін жасалған келісімшарттар аясында жөнделмек. Жоспар бойынша келесі жылы жөнделетін жолдардың жалпы ұзындығы 6,6 шақырым деп көрсетілген. Сонымен қатар, 2027 жылы қосымша техникалық құжаттамалар әзірленіп, жөндеу жүргізілетін нысандардың санын арттыру жоспарлануда.

Бұл ретте ұзақ уақыт бойы шешілмей келген мәселелерге ерекше назар аударылып отыр. Теміртау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Думан Серіковтің айтуынша, биыл осындай проблемалық учаскелердегі жұмыстарды қолға алуға мүмкіндік туған.

– Биыл көп жылдар бойы шешімін таппай келген бірқатар маңызды мәселені реттеуге кірістік. Соның бірі – Брусиловский көшесі. Инженерлік коммуникацияларды төсеу қажеттілігіне байланысты бұл көшеде ұзақ уақыт бойы жол жөндеу жұмыстары жүргізілмеген еді. Биыл оның бір бөлігі орташа жөндеуден өтті. Ал, Озерная, Ватутин және Төлеубаев көшелерінде инженерлік тораптардың құрылысы мен реконструкциясына байланысты жолдарды жөндеу мәселесі ұзақ уақыт бойы өзекті болып келді. Ендігі міндет – осы учаскелердегі жұмыстарды кезең-кезеңімен жүзеге асыру, – дейді Думан Серіков.




ТЕМІРТАУ

Суреттер Теміртау қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінен

• ЖАҢА КІТАП

Түнгі ойлардың тамшысындай

Бернард Шоу «Адамдарға шындықты айтқың келсе, алдымен оларды күлдіре біл. Әйтпесе, олар сені өлтіреді», – дейді. Марк Твен болса: «Адамзаттың қолындағы ең пәрменді қару – күлкі», – дейді. Ал, әйгілі Чарлин Чаплиннен «Күлкілі нәрсе жасау – өте маңызды жұмыс. Ол терең зерттеуді, мұқият бақылауды қажет етеді. Адамдарды не күлдіретінін және неліктен күлдіретінін білу керек», – деген сөз қалған. Қарағандыда өзінің оқырманы қалыптасқан, шығармалары алыс-жақынға жетіп, белгілі бір деңгейде танылған, мойындалған санаулы ғана сатирик бар. Солардың бірі де бірегейі – Әдебиет Белгібайұлы. Оның жақында «Түнделік» деп аталған әзіл-ысқақ әңгімелерінің жинағы жарық көрді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Күнделік жазып қарық қылмаған пақырыңыз, «Түнделік» жазбақшы. Қабыл алыңыз. 18 260-түннен бастадым. 50*365=18 250 екен, дә... Айтпақшы, 50 деген келген жасым, 365 деген бір жыл ғой. Он күн асырып бастап кеттік. «Түнде не болушы еді?» десеңіз, қателесесіз. 21+тан басқа түс көруге де, түнде өмір де болады екен... Ал бастаймыз!» деп басталады кітап.

Жалпы, автордың кітабын оқып отырып, оның еркіндігіне сүйсінесіз. Айналасында болып жатқан түрлі жағдайларға төбесінен күле қарап тұрғандай әсер қалдырады. Күнделікті, бір ортада немесе екеуара айтылған қарапайым әңгімелерді Әдебиет Белгібайұлы басқаша еститіндей. Сол әңгіме арқылы айтушының қоғамға деген көзқарасын, ішкі эгосын, мінезін аңдайсыз.

Жалпы, автор Сізді күлдіремін деп тыраштанбайды. Өзінің белгілі бір оқиғаға, жағдайға деген ойын сол қалпында түсіретіндей. Ойының кітапқа түскен көшірмесі іштей күлкі тудырады. Ал, ішкі күлкі сыртқы күлкіден әлдеқайда әсерлі.

Автордың санағы бойынша 18 266-түні жазған шығармасына қараңызшы. «2023 жыл екен. Яғни, биыл, ауылда жүрміз. Төрт мектеп бар. Әр мектепте бес жүз бала оқиды. Мұғалімді құдайдай сыйлайды. Арасында мен де бармын. «Құрметті ұстаздар, айлығымыз екі миллион. Күзде мектепке оралғанда тағы бес жүз мың қосылады», – деп директор сайрап тұр... Ауыл әкімі де мәз ғой: «Бүгін бізде үлкен той. Ауылымыз аудан орталығы болады», – дегенді қуана жеткізді. Киіз үйлер тігілген, арасында жастар атқа мініп, табақпен ет тартып жүр. Оянып кетпесім бар ма? 50-60 үйі қалған, кезінде бір сыныпта (а, б және орыс класы деп бөлінетін) 50-60 бала оқыған қайран ауылым есіме түсіп... Ұйықтай алсамшы. Ұялымды қосып қойып, ауылдың 90 жылдығына арналған үлкен жиын тойдың бейнебаяның қарай бастадым...».

Шағын ғана шығармасында бүгінгі қоғамдағы мұғалімдер мәселесі мен ауыл трагедиясы қамтылған. Мұнда ащы мысқыл да, кіжініс те бар. «Мұғалімді құдайдай сыйлайтын» деген сөйлемге келгенде, ауыр ойға батасыз. Автор түс пен өңді қатар қою арқылы кешегі мен бүгінгіні салыстырады. Өзінің өткенін аңсау элементтері де менмұндалайды.

– Әлеуметтік желідегі парақшамда бөлісіп отырған қысқа әзіл-ысқақ жазбаларым мен сатиралық әңгімелерімді бір топтап алдым. Осы кітаптың шығуына қолдау көрсеткен Құрылтай депутаты Нұрлан Дулатбековке және «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қорының президенті Ұлан Әбдіхановқа мың алғыс! – деді Әдебиет Белгібайұлы.

Кітап 300 дана болып басылып шықты.

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

Таиландтағы тамаша жеңіс

Таиландтың Паттайя қаласында қоян-қолтық ұрыстан өткен Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте I орын иеленді. Құрлықтық додаға 24 елдің спортшылары қатысып, өзара мықтыны анықтаған. Ал, ұлттық құрама сапында ел намысын қорғаған қарағандылық жеті спортшы 13 медаль жеңіп алды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер «Жекпе-жек» және «Өзін-өзі қорғау» бағыты бойынша сынға түсіп, бес алтын, екі күміс және алты қола медаль иеленді. «Жекпе-жек» бағыты бойынша 16-17 жас аралығындағы 58 келі салмақта өнер көрсеткен Әлия Байжанова мен ересектер арасында 48 келіде сынға түскен Дильназ Кәрібаева Азия чемпионы атанды. Ал, 14-15 жас санатында 70 келіден жоғары салмақта бақ сынаған Әбдінұр Әубәкір күміс жүлдеге қол жеткізді. Сондай-ақ, Аблайхан Кәрібаев (67 келі), Ескендір Кенгесбай (73 келі) және Сұлтанәли Дінқабыл (80 келі) қола медаль иеленді.

«Өзін-өзі қорғау» бағыты бойынша да жерлестеріміз жоғары нәтиже көрсетті. 70 келіден жоғары салмақта өнер көрсеткен Әбдінұр Әубәкір қарсыластарынан басым түсіп, екінші алтын медалін жеңіп алды. Әлия Байжанова (60 келі, 16-17 жас) мен Дильназ Кәрібаева (50 келі, ересектер) да Азия чемпионы атанды. Бұл бағытта Сұлтанәли Дінқабыл (90 келі) күміс жүлдегер атанса, Аблайхан Кәрібаев (70 келі), Ескендір Кенгесбай (80 келі) және спорт ардагері Сарсенбек Жақыпов (70 келі) қола медальға қол жеткізді.

Жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Қазақстан құрамасы көш бастады. II орынды Таиланд спортшылары иеленсе, үздік үштікті Моңғолия құрамасы түйіндеді.

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• «ЖАЙДАРМАН»

Сарбаздар сахнада сап түзеді

Астанада өткен «Жайдарман» ойындарының Qazaqstan Cup лигасында Қарағандыдағы ҚР Ұлттық ұланының 5451 әскери бөлімінің «Ұлттық ұлан» командасы Бас жүлдені жеңіп алды. Жыл басынан бері лига бәсекесіне еліміздің 64 командасы қатысып, өзара мықтыны анықтаған. Солардың қатарында Қарағанды облысының намысын сегіз команда қорғап, оның екеуі ғана ақтық кезеңге дейін жетті. Нәтижесінде, әскери бөлімнің жігіттері қарсыластарынан оқ бойы озып, лига чемпиондары атанды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ұлттық ұлан» командасы 5451 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаздардан жасақталған. Әзіл әлеміне әскери ортадан келген жігіттер жыл басында Қарағандыда ұйымдастырылған іріктеу кезеңінен сүрінбей өтіп, елордада өткен республикалық маусымашар ойынында бақ сынайды. Осы сайыста өнерімен көзге түскен команда Qazaqstan Cup лигасына жолдама алып, үлкен додаға қатысуға мүмкіндік иеленген. Сөйтіп, жерлестер республикалық деңгейдегі бәсекеден Бас жүлдемен оралды.

Айта кетейік, Қарағандының «Жайдарман» тарихында мұндай жарқын жеңіс бұрын да болған. 2007 жылы «Ұлдар емес» командасы Жоғары лигада өнер көрсетіп, чемпиондық тұғырдан көрінген еді. Араға жылдар салып, биыл сол жеңісті дәстүрді әскери қызметтегі жастар жалғап отыр.

– Қазір командамызда төрт жігіт бар. Төртеуіміз де 5451 әскери бөлімінде әскери борышымызды өтеп жүрміз. Қызмет мерзіміміз желтоқсан айының ортасында аяқталады. Әскерге алғаш келген кезде 40 күндік оқу ротасында болдық. Сол уақытта оқу роталары арасында «Жайдарман» ойындары ұйымдастырылып, біздің командамыз құрылды. Кейін басшылықтың қолдауымен түрлі жарыстарға қатыса бастадық. Шынын айтқанда, әскерге келгенде «Жайдарман» ойнаймыз деген ой болған жоқ. Отан алдындағы азаматтық борышымызды өтеуді мақсат еттік. Дегенмен, бүгінде әскери бөлім тарапынан бізге жанжақты қолдау көрсетіліп келеді, – деді команда капитаны Арнат Ізбасар.

Әскери тәртіп пен сахна мәдениетін қатар алып жүру оңай емес. Соған қарамастан, жігіттер тұрақты дайындықтың арқасында қысқа уақыт ішінде үлкен жетістікке жеткен.

– Бізде тұрақты дайындық болды. Соның нәтижесін бүгін көріп отырмыз. Көптеген жайдарман командасының мүшелері күнделікті жұмысымен немесе оқуымен қатар шығармашылыққа уақыт бөледі. Ал, біз әскери қызмет пен өнерді қатар алып жүрміз. Біздің өзге командалардан бір ерекшелігіміз бар. Әскери ұжым болғандықтан, сахнада белгілі бір бағытты ұстандық. Негізгі мақсатымыз – әскери өмірді, қазіргі сарбаздардың тыныс-тіршілігін жақсы қырынан көрсету. Алғашқы ойынымызда-ақ көрерменге бүгінгі әскердің шынайы болмысын таныту үшін сахнаға шыққанымызды айтқанбыз. Сол ұстанымымыздан айныған жоқпыз. Қазір өнерімізді көргеннен кейін әскери бөлімге келіп, қызмет атқаруға қызығушылық танытатын жастардың да қатары көбейді. Біздің басты мақсатымыз – Жоғары лигада өнер көрсету, – деді команда капитаны.

Жалпы, «Ұлттық ұлан» командасы биыл бірқатар ірі жарыста топ жарып, тәжірибе жинақтады. Алдымен Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы прокурорының кубогын жеңіп алды. Одан кейін Павлодарда «Заң мен тәртіп» жобасы аясында ұйымдастырылған сайыста II орын иеленген. Теміртауда өткен «Магнитка лигасының» чемпионы атанды. Сондай-ақ, «Елорда Cup» жобасында күміс жүлдегер атанды.

• КЕШ

«Көзкөргенсалған ән қандай!

Халық әндерін насихаттап, ұлттық өнер мен мәдени мұраны дәріптеп, рухани құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтқан Кеншілер мәдениет сарайының халықтық «Көзкөргендер» ардагерлер ансамблінің құрылғанына биыл – 15 жыл. Осыған орай Кеншілер мәдениет сарайында ансамбльдің көнцерті өтті.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

79 жастағы Хамит Көрікбаев ұмырының 50 жылын ұстаздыққа арнаған. 30 жыл мектеп директоры қызметін атқарған. Мектеп қабырғасындағы әнге талапты таланттардың талабын ұштаған, ән өнерінің әліппесін үйреткен. Зейнетке шыққаннан кейін Кеншілер мәдениет сарайында ансамбль құрылып жатқанын естіп, өзін көңілі қалаған өнерге арнауды құп көрген.

– Ансамбльге келгеніме 13 жыл болыпты. Ансамбль құрамындағы өнерпаздар бүгінде бір отбасына айналғандай. Бір-бірінің қызық-қуанышынан қалмайды. Өте жақын араласып кеттік. Ансамбльдің дайындығына біреуі келмей қалса, бәрі алаңдап, соны іздейді. Ұзақ уақыт бойы көріспесек, сағынатын жағдайға жеттік. Мұнда мұңдасың да, сырласың да бар. Үйде отырған адамның көңілі жабырқай береді. Еңбек етіп, ұжыммен аралас-құралас болуға үйреніп қалған адамға үйде отырып қалу қиын екен. Осы ұжымда жанымыз жадырап жүр. Бір жағынан өнер де көңілге көп-көрім медеу. Мұнда өнерді жүрегімен сүйген нағыз өнерпаздар жүр, – деді Хамит Көрікбаев.

Ансамбльді осыдан 15 жыл бұрын Қарлығаш Құспанова құрған екен. Бүгінде ол Астана қаласына қоныс аударған. Бірақ, мерейтойлық концертке дайындық кезінде келіп, тәжірибесімен бөлісіп, өзінің жақындығы мен жанашырлығын білдіріпті. Бүгінгі жетекшісі – Сара Кочанова. Ол ансамбль әуелдегі мақсатынан айнымағанын айтты.

– Ансамбльде халық әндеріне басымдық беріледі. Зейнет жасындағы адамдардың дауысында ерекшелік көп. Дауыстарынан мейірімнің, даналықтың лебі есетіндей. Жаныңды баурап алады. Тұтас бір ұрпақ құрақ құрап отырып ән салатын әжелердің мейіріміне шомылып өсті. Міне, ансамбльдің орындауындағы әндер сол шуақты сәттерді жадыңызда жаңғыртады. Ансамбльдің ерекшелігі – осы. Мұнда зейнет жасындағылар болғанымен, олардың өнерге деген сүйіспеншілігі, ынтасы, жауапкершілігі жастардан қалыспайды. Олармен жұмыс істеген өте оңай, – деді Сара Кочанова.

Ансамбльде бүгінде қырыққа жуық өнерпаз бар. Ұжым ұлттық мерекелерде облыс аумағындағы қалалар мен аудандарды аралап, өнер көрсетеді. Жетекшінің сөзінше, облыс аумағынан әрі асуға да мүмкіндік бар. Бірақ, зейнет жасындағы адамдардың денсаулығына алаңдағаннан облыс аумағынан тыс жерлерге тәуекел ету мүмкіндіктері шектеулі екенін айтады.

Концертте халық әндері шырқалды. Өнерпаздар жекелей де, дуэт, трио болып та өнер көрсетті. Ән шырқалып жатқанда сахнадағы үлкен экранда дүниеден өткен ансамбль мүшелерінің суреттері көрсетілді. Бұл – әріптеске деген, сырласқа, мұңдасқа деген, құрдас, замандасқа деген сағыныш һәм тағзым.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**
Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 8-701-185-82-14;
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19
• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.
Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru
Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.
«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412
Таралымы 3 140
№128 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жәлел ШАЛҚАР**